нежелании работать на неквалифицированных рабочих местах, открыла двери трудовым мигрантам, в основном мужчинам из стран Азии. Стремительная индустриализация, урбанизация, а также половой дисбаланс, образовавшийся в результате традиционных взглядов предпочтения рождения сыновей, вызвали нехватку невест на брачном рынке Южной Кореи для сельских мужчин, а также представителей низших социальных слоев городского населения. В 2000 году доля международных браков составляла 3,5% (11 605 человек), а уже через 5 лет она увеличилась почти в 4 раза и составила 13,5%. В последующие годы доля таких браков стабильно удерживается в пределах 10% (2006 г. – 11,7%; 2007 г. – 10,9%; 2008 г. – 11,0%; 2009 г. – 10,8%; 2010 г. – 10,5%; 2011 г. – 9,0%) [2].

Структура браков значительно отличается от предыдущего периода. Как правило, в браках с мигрантами основную часть составляют браки корейских мужчин и иностранных женщин. В 2000 и 2001 годы в браках мигрантов женщины составили 59,8% и 66,7% соответственно. Начиная с 2002 года, долевого состав женщин в браке с корейскими мужчинами составил более 70%. Наивысший показатель участия иностранных женщин в браках с мигрантами отмечался в 2008 году (77,8%). Если раньше международные браки характеризовались структурой «иностранный муж – корейская жена», и иностранного партнера представляли мужчины из западных стран США, Японии, Германии, то браки с конца 1990-х годов имели структуру «корейский муж и иностранная жена». В последнем случае женщины были представлены из «менее развитых, чем Корея, стран», таких, как Китай, Филиппины, Вьетнам, Таиланд. С начала 2000-х годов здесь стали появляться браки с женщинами из стран постсоветского пространства (Россия, Узбекистан, Казахстан, Кыргызстан). В итоге закрепились определенная схема мультикультурной семьи, в соответствии с якобы работающей в Корее теории миграции «гипергамии», когда мигрирующие женщины как невесты из развивающихся стран выходят замуж за мужчин более низкого статуса из богатых стран (Япония, Тайвань, Южная Корея).

В результате притока иностранной рабочей силы и брачных мигрантов Корея испытывала необратимый процесс вхождения в мультикультурное пространство. В политических, акаде-

мических кругах, а также СМИ стали разворачиваться дискуссии о мультикультурализме в Корее.

Термин «мультикультурализм» возник в 60-е годы XX века в Канаде. На рубеже 80-х – 90-х годов XX века данный термин стали включать в словари по социологии, политологии и философии, и 90-е годы XX века можно считать временем расцвета мультикультурализма, когда он стал признаваться решением многих социальных проблем. Один из пионеров исследования мультикультурализма в его североамериканском варианте, известный американский этнополитолог Натан Глэйзер определил мультикультурализм как «комплекс разнообразных процессов развития, в ходе которых раскрываются многие культуры в противовес единой национальной культуре» [3].

Принятие мультикультурной интеграционной модели государством означает, что оно открыто для иноэтничных мигрантов и несет ответственность за создание условий для их интеграции. Поэтому на первом этапе формирования концепций мультикультурализма его главной задачей выдвигалось создание таких правовых и политических условий, которые обеспечивали бы равный статус меньшинств и национального большинства, равные шансы на сохранение и развитие их культур. В осуществлении мультикультурной перспективы ведущая роль принадлежит государству и его институтам. Корейское правительство осознавало, что мультикультурализм выступает как особая политическая программа, система специальных политико-правовых, социальных и культурных мероприятий, инициируемых и осуществляемых государством по отношению к иностранцам, но при этом теряло равновесие в осуществлении программ по отношению к культуре и языку национального большинства.

В 2006 году правительство Но Му Хена вводит т.н. «Великий план», Всеобъемлющую политику социальной интеграции иностранных жен и членов их семей. Ведущим департаментом, осуществляющим эту политику, является Министерство по вопросам гендерного равенства и семьи. План декларировал следующие направления деятельности: регулирование деятельности международных брачных агентств; поддержка жертв бытового насилия; культурная и языковая ориентация иностранных жен; поддержка

детей из мультикультурных семей в школах; предоставление социального обеспечения для иностранных жен; повышение общественной осведомленности о мультикультурализме [4]. В 2006 году принимается «Закон о поддержке международных браков сельских бакалавров», в 2007 году – «Закон о регулировании деятельности брачных агентств» (№8688), в 2008 году – «Закон о поддержке мультикультурных семей» (№8937). В результате повсеместно открываются Центры поддержки мультикультурных семей, в 2010 г. таких центров насчитывалось уже 171.

В 2010 году Национальное собрание Кореи приняло законопроект, позволяющий двойное гражданство, который вступил в силу в 2011 году. Однако вопросы правового статуса иностранных женщин все еще остаются нерешенными, он во многом остается зависим от корейского супруга до и после брака. Пересмотренный закон устанавливал, что жена корейского гражданина может получить гражданство после 2 лет проживания. Нарушение прав выделось в том, что муж ежегодно должен был подтверждать «идентичность супруги», и только с его разрешения виза супруги обновлялась. Подобные неравные отношения с иностранными женами, чей экономический статус был хуже, чем мужа, ставило ее в зависимое положение от мужа и его семьи. Статус потенциального гражданина в такой ситуации «зависит от способностей женщин мигрантов исполнять роль жены, матери, снохи, укрепляя связь между семьей и государством» [5].

Такие женщины все еще лишены возможности получения пособий по социальному обеспечению. Их слабые коммуникативные способности и ограниченный доступ к информации порождают трудности адаптации. Недоверие со стороны мужа и его семьи еще более осложняет их жизнь. Кроме того, женщины-мигранты могут подвергаться расовым предрассудкам, главным образом потому, что они являются женщинами из «развивающихся стран». Наиболее распространенными стереотипами являются высказывания: «замуж только за деньги, так как ее страна является бедной», «она заинтересована только в передаче денег домой», «она может отказаться от семьи и в любое время бежать» [6]. В итоге преобладает негативное восприятие иммигрантов как «авантюристов, использовавших брак для миграции, а также потенциальных жертв торговли людьми и бытового насилия». Одновременно

средства массовой информации культивируют образ женихов, как представителей низкого социального статуса, которые не смогли жениться и «обращаются к сомнительным организациям в поисках жены третьего мира» [7]. Неравные отношения, экономическое неравенство, трудности коммуникации и трудоустройства, социальная изоляция, стереотипное отношение со стороны корейского общества, дискриминация как «женщины из бедной страны» в совокупности создают «невидимые» для корейского общества трудности адаптации иностранных женщин в браке с мужчиной Южной Кореи.

Мультикультурные семьи в Южной Корее относятся к низким социально-экономическим слоям. Такие семьи с ежемесячным доходом в 1-2 млн корейских вон составили 38,6%, менее 1 млн вон – 21,5%, в то время, как средний ежемесячный доход в корейских домохозяйствах в 2009 году составил 3 432 021 вон (около 3000 долларов США). Демонстрируя многокультурность страны, государство все еще не способно удовлетворить потребности мультикультурных семей с низкими доходами [8]. В статистических материалах отсутствуют сведения о трудовой занятости брачных мигрантов, что объясняется их работой на дому. Большинство женщин мигрантов хотят работать, но многие не могут обеспечить себе занятость. Лишь некоторые работают в качестве неквалифицированной рабочей силы. Работа женщин-мигрантов в большинстве случаев не связана с уровнем их образования и карьеры в их родной стране. Правительство предоставляет учебные программы, ориентированные на знакомство с корейской культурой, возможности получения профессионального образования для иммигрантских жен пока нет.

В корейском обществе существует тенденция признания иммигрантских жен не как независимых граждан, а как жены корейского мужчины, снохи, матери корейских детей. По сути, декларируя патриархальную идеологию корейской семьи, общество ассимилирует их в корейское общество без их согласия. Предоставляя услуги по изучению корейского языка, обычаев и традиций, открывая курсы по приготовлению корейской еды, акцент делается на «растворении» в корейском обществе. Женщины-мигранты в браке практически не получают равно к себе отношения, интереса к ней как к равному субъекту нет, общество не видит необходимости понима-

ния культуры страны, из которой они прибыли. Кроме того, «корейцы все еще имеют сильное чувство национализма и культурной однородности, и им нелегко признать культурное многообразие» [9].

Появляются академические предложения по усовершенствованию системы здравоохранения и предоставления социальных услуг мультикультурным семьям. Общество выражает беспокойство об уровне психического и психологического состояния женщин в результате постоянной подверженности депрессиям, определяя главную функцию иностранной жены в процессе воспроизводства семьи и ухода за престарелыми родителями [10].

Часто акцентируется внимание на неспособность иностранных матерей создать условия для полноценной социализации детей в мультикультурных семьях по причине их ограниченных языковых возможностей. В результате предвзятое отношение к иностранным матерям переносится на детей. Это проявляется в неологизме, который был придуман по отношению к детям, которые родились от смешанных браков – «Kosians». Термин был впервые представлен в 1997 году в Корее гражданскими группами, которые изучали вопросы, связанные с присутствием рабочих-мигрантов. Термин был популяризован в 2004 году, когда некоторые газеты использовали его в ходе специального раздела по международным бракам в сельской местности. Термин «Kosian» относится к детям от браков корейцев с другими азиатами, как правило, между корейскими мужчинами и женщинами Юго-Восточной Азии. Дискуссии, которые разворачиваются в СМИ вокруг таких детей, производят впечатление, что дети в мультикультурных семьях являются «проблемными», и они нуждаются в социальной помощи. Уроки корейского языка иммигрантским женам предоставляются пра-

вительством, но они только получают субсидии на пять месяцев, что помогает им достичь лишь элементарных знаний, недостаточных для общения с детьми. Представитель от Департамента по сохранению социального обеспечения семьи подчеркивает «отсутствие государственной поддержки по уходу за детьми для мигрантов невест как одной из главных причин, почему страдают мультикультурные семьи и их дети». Кроме того, решение проблем корейского образования по отношению к таким детям, не имеет общественной поддержки. По данным опроса родителей в г. Ансан, несмотря на то, что 80% положительно высказались о поддержке детей из мультикультурных семей, только 10% были готовы платить более высокие налоги для реализации этой поддержки [11].

В реальных условиях современное корейское общество еще стоит в начале пути, когда решение социально-демографических и экономических проблем социума в условиях стремительно развивающейся экономики путем привлечения женщин брачных мигрантов будет оправдано мультикультурализмом, как одним из аспектов толерантности, заключающейся в требовании параллельного существования культур в целях их взаимного проникновения, обогащения и развития.

Брачным мигрантам в таких условиях необходимо пройти процесс социальной интеграции, когда они смогут приобрести чувство принадлежности к корейскому обществу и нации в качестве полноправного члена. Средства социальной интеграции, где иммигранты имеют те же права и обязанности, что и корейские граждане, находятся в руках и правительства, и местных органов власти, и важным является здесь не гордость национальной культурой, а восприятие культурного многообразия, где нет меньшинства и неравенства.

Литература

- 1 Foreigner Labour Force Survey 2012 // <http://kostat.go.kr/portal/english/news/1/16/3/index.board?bmode=read&bSeq=&aSeq=273073&pageNo=1&rowNum=10&navCount=10&currPg=&sTarget=title&sTxt=> (Дата обращения 23.03.2013)
- 2 Международные браки. Министерство гендерного равенства и семьи Кореи // http://www.index.go.kr/egams/stts/jsp/potal/stts/PO_STTS_IdxMain.jsp?id_idx_cd=2430 (Дата обращения 23.03.2013)
- 3 Glazer Nathan. We Are All Multiculturalists. Now Cambridge, Mass. Harvard University Press, 1997.

- 4 Lee Hye-Kyung. International Marriage and the State in South Korea: Focusing on Governmental Policy // *Citizenship Studies*. – 2008. – №12 (1). – P.107-123.
- 5 Chung, Erin Aeran; Kim, Daisy. Citizenship and Marriage in a Globalizing World: Multicultural Families and Monocultural Nationality Laws in Korea and Japan // *Indiana Journal of Global Legal Studies*. – 2012. – №19 (1). – P.195-219.
- 6 Kim Yi Seon, The Reality of Female international Marriage Migration and Challenges for the Government of the Republic of Korea. 2006 // <http://www.unescap.org/esid/.../KimYiSeon.pdf> (Дата обращения 07.12.2011)
- 7 Be' langer Danie`le, Lee Hye-Kyung and Wang Hong-Zen. Ethnic Diversity and Statistics in East Asia: «Foreign Brides» Surveys in Taiwan and South Korea // *Ethnic and Racial Studies*. – 2010. – №33 (6). – P.1108-1130
- 8 Lee Hyunok. Political Economy of Cross-Border Marriage: Economic Development and Social Reproduction in Korea // *Feminist Economics*. – 2012. – №18 (2). – P.177-200.
- 9 Kim Hyun-Sil. Social Integration and Health Policy Issues for International Marriage Migrant Women in South Korea // *Public Health Nursing*. – 2010. – №27 (6). – P.561-570.
- 10 Kim, Jung A.; Yang, Sook Ja; Kwon, Kyoung Ja; Kim, Jee Hee. Predictive Factors of Depression among Asian Female Marriage Immigrants in Korea. // *Nursing & Health Sciences*. – 2011. – №13 (3). – P.275-281; Ahn Yang-Heui. Immigrated, interculturally-married women in South Korea: Mental Health Status, Health Care Utilization, And Suggested Policy Directions // *World Cultural Psychiatry Research Review*. – 2012. – №7 (1). – P.21-24.
- 11 Lee Mary. Mixed Race Peoples in the Korean National Imaginary and Family // *Korean Studies*. – 2009. – №32 (6). – P.56-85.

ӘОЖ 327(44) 1945/1965

Ғ.Б. Жұматай

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: gabit1981@mail.ru

Генерал де Голль тұсындағы Францияның Тогодағы саясатының ерекшеліктері (1958-1969 жж.)

Мақалада 1958-1969 жылдар аралығы кезеңінде генерал де Голльдің тұсындағы Францияның Тогодағы саясатының ерекше тұстары ғылыми зерттеудің нысаны ретінде алынған. XIX ғасырдың соңында Герман империясының отарлық тәуелділігіне түскен Того 1919 жылы Ұлттар Лигасының шешімі бойынша Францияның мандаттық бақылауына берілді. 1956 жылы Деффер заңы бойынша өзін-өзі басқару құқығына ие болған Того екі жылдан кейін де-юре түрінде тәуелсіздікке қол жеткізді. Бірақ бұрынғы метрополия – Франция Тогоны өзінің саяси, әскери, экономикалық және мәдени ықпалында сақтап қалуға бар күшін салды. Бұл жағдай Францияның Тогоның ішкі істеріне ашық түрде араласуына алып келді. Өз кезегінде бұл жағдай Тогода қанды қақтығыстарды тудырды. Мақалада осы мәселенің ұрымтал тұстары ғылыми тұрғыдан талдауға алынып, француз тіліндегі деректер мен зерттеу еңбектері негізінде терең қарастырылды.

Түйін сөздер: мандат, автономия, франсафрика, интервенция, мүдде, оппозиция, англосакс, диктатор.

Ғ.Б. Жұматай

Особенности политики Франции в Того в период президентства генерала де Голля (1958-1969 гг.)

В данной статье рассматриваются и анализируются особенности политики Франции в Того в 1958-1969 годах, а также роль доктрины интервенции генерала де Голля.

Ключевые слова: Мандат, автономия, франсафрика, интервенция, интерес, оппозиция, англосаксы, диктатор.

G.B. Zhumatay

Features of French policy in Togo during the presidency of General de Gaulle (1958-1969)

This article discusses the features and analyze the policy of France in Togo in the years 1958-1969, and the role of the doctrine of intervention of General de Gaulle.

Keywords: the mandate, autonomy, francafrica, intervention, interest, the opposition, the Anglo-Saxons, the dictator.

Тропикалық Африкадағы мандаттық иелік, содан кейін БҰҰ-ның қамқорлығындағы территориялар болған Камерун мен Тогоны француздар қара құрлықтағы француз вотчинасы және франсафрика геосаяси жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Құрлықтағы Францияның өзге клиент-мемлекеттері секілді

Камерун да, Того да саяси дағдарыс пен мемлекеттік төңкерісті айналып өте алмады. 1963 жылы қаңтардың ортасында Тогодағы саяси тәртіпсіздік барысында ел президенті Силванус Олимпио өлтірілді. Оның басты себебі Олимпио 1958 жылы БҰҰ-ның бақылауымен елде өткен сайлауда еркін әрі демократиялық жол-

мен жеңіске жетті. Тогоның тұңғыш президенті бастапқы кезден-ақ елдегі француз мүдделерін қорғаудан бас тартып, француздардың ықпалынан шығуға ұмтылды. Францияға қарсы саясат жүргізген Олимпио англосакстерге арқа сүйеді. Өз кезегінде мұндай жағдай, мұндай президент франсафрика жүйесінің қожайындарына еш ұнай қоймады.

Мандаттық жүйе кезінде Ұлттар Лигасы, қамқорлық режим уақытында БҰҰ секілді беделді халықаралық ұйымның алдында тәуелді әрі жауапты болғандықтан Франция өз мүддесіне сәйкес еркін саясат жүргізе алмады. Ұлттар Лигасының да, БҰҰ-ның да Жарғыларына сәйкес озық өркениетті мемлекет ретінде Франция Тогоны мемлекеттік тәуелсіздікке, демократиялық басқаруға дайындауға және жеткізуге міндетті болды. 1945 жылы Того БҰҰ-ның қаморлығына өтіп, теңіздің арғы бетіндегі француз территориясы статусын алды. 1956 жылғы Деффер-заңы бойынша Того автономды республика статусын алды. 1958 жылы сәуірде БҰҰ-ның бақылауымен заң шығару жиналысына өткен сайлауда Силванус Олимпио бастаған саяси топ жеңіске жетті. Сайлаудың қорытындысы француздарды қанағаттандырмады. Сайлау барысында француздар Олимпионың қарсыласы Николя Грюницкийге қолдау көрсетті. Билікке келген Олимпио бірден халықаралық қамқорлық режимді, яғни француз әкімшілігін жою туралы талап қойды [1, 258].

Тогоның француз иелігі болғанына қарамастан Силванус Олимпио француз мектебінде емес, ағылшын мектебінде тәрбиленіп шықты. Оның Францияға қарсы саясат жүргізуінің түпкілікті себебі осы фактормен тығыз байланысты. Ол Британиядағы ең беделді оқу орындарының бірі Лондонның экономика мектебін бітірген. Британ саяси мәдениетінің ықпалымен саяси қайраткер болып қалыптасқан Олимпио Францияға қарсы оппозицияда өсті. Ол мандаттық режимге де, халықаралық қамқорлық жүйесіне де қарсы күрес жүргізді [2]. Сонымен бірге демократиялық жолмен елдің тұңғыш президенті болып сайланды. Отанының тәуелсіздігі мен еркіндігіне аса қызғанышпен қараған ол француздардың Тогоның тәуелсіздігін қайта тәркілеп алуынан қатты сескенді. Осы бағытта Олимпио англосакстердің көмегіне үміт арта отырып, елді Францияның ықпалынан

біржолата шығаруға әрекет етті. Осы жолда ол франк зонасынан және Францияның қаржы-экономикалық ықпалынан шығуға, Францияның қауіпсіздік жүйесінен алшақтауға ұмтылды.

Англия мен АҚШ-қа арқа сүйей отырып дербес ішкі және сыртқы саясат жүргізу әрекеттері соншалықты нәтиже бермеді. Өйткені бүкіл қара құрлыққа тән саяси тұрақсыздық синдромы Тогода да бой көрсете бастады. Олимпионың режиміне, әсіресе Гананың президенті Кваме Нкрума айтарлықтай қауіп-қатер төндірді. Ганалықтар Тогода президентке қарсы күштерге қолдау көрсетіп, арандатушылық тудырды. Олимпио зор үміт артқан англосакстер оның режимінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмады. Осыған орай Олимпио амалсыздан француздармен ынтымақтасуға және француз қауіпсіздік қол шатырының астына енуге бел буды. Көп ұзамай француз-того әскери ынтымақтастық келісіміне қол қойылды. Бірақ бәрібір Олимпио «Францияның досына», генерал де Голль мен Жак Фоккардың «жеке серігіне» айналып кетпеді. Того президенті француздармен арадағы келісімді шын жүректен жасаған жоқ.

Генерал де Голль мен Жак Фоккар Олимпио билік басында тұра берсе, Того франсафрика жүйесінің ішіндегі ең осал, ең сенімсіз француз вотчинасы болып қалатынын түсінді. Олимпио француздардың қойған қайраткері болмағандықтан Францияның мүддесі үшін жұмыс істемеді. Оның британ мектебінде тәрбие алуы да, англосакстарға арқа сүйеуі де және антифранцуздық саяси курсты жүргізуі де «Африка мырзаларының» көңілдерінен шықпады. Осыған орай француздар франсафрика жүйесі ішіндегі англосаксондық елес пен қауіп-қатерді жоюды жоспарлады.

Әскери және саяси ынтымақтастық аясында Фоккар Тогоға осы стратегияны жүзеге асыру мақсатында құпия қызмет агенттерін, әскерилерді, дипломаттарды, бизнес құрылымдарын жіберді. Ломедегі француз елшісі болып Анри Мазоье тағайындалды, ал француз офицері Жорж Метрье Того ұлттық жандармериясының басшысы және президенттің француз-того әскери ынтымақтастығы аясында қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарды. Француз-того саяси қайраткері Ноель Мамердің тұжырымдауына «Метрье мен Мазоье кездейсоқ тұлғалар болған жоқ. Оларды

франсафрика желесітерін құрушы Жак Фоккар койды» [3].

Президент Олимпио қауіп-қатерді негізінен Гананың тарапынан келеді деген сенімде болды. Бірақ ол француздарды бұл тізімнен сызып тастаған жоқ. Алайда оның режиміне француз әскерінде қызмет еткен сержанттар мен кіші офицерлер қарсы көтерілді. Ноель Мамердің мәлімдеуінше мемлекеттік төңкеріс того ұлттық жандармериясының бастығы әрі президенттің қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Жорж Метрьенің жетекшілігімен ұйымдастырылды. Оған осы мәселеде француз елшісі Анри Мазоье, құпия қызметтер және Елисейдегі мырзалар тікелей көмек көрсетті [4]. Үндіқытай соғысына және Алжир жанжалына қатысқан кіші офицерлер Олимпионың режимін төңкеруді жүзеге асырды. 1963 жылы 13 қаңтарда Алжир соғысынан оралған француз-того әскерилері Олимпиоға қарсы бүлікті бастады.

Француздардың қолдауымен бүлікті ұйымдастырған кіші офицерлер қысқа мерзімде астананы өз бақылауларына алды. Бүлікшілердің алдында өзін әлсіз сезінген Олимпио англосакстердің тарапынан көмек күтті. Бірақ ақыр аяғы америкалықтардан көмек сұрап, АҚШ елшілігіне қашуға мәжбүр болды. Алайда ол америкалық елшіліктің алдында сержант Этьен Эйадема бастаған француз-того әскерилерінің қолынан қаза тапты [5]. Осыдан кейін президент өкілеттілігі көп уақыттан бері француздар қолдау көрсетіп келген саяси қайраткер Николя Грюницкийге берілді. Осылайша, мемлекеттік төңкеріс сәтті жүзеге асты.

Отарсызданудан кейін қоғамдық өмірдің милитаризациялануы, әскерилердің ықпалының артуы Африкада ерекше байқалды. Африканың көптеген елдерінде әскерилер мемлекеттік төңкерістер мен саяси дағдарыстарды ұйымдастырушы институтқа айналды. Сол секілді Тогода да әскерилер өз белсенділіктерін көрсетіп президентті биліктен тайдырды. Осы күрделі іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі ретінде француздар мемлекеттік төңкерісті Тогоның ішкі мәселесі ретінде қарастырды. Дегенмен бұл күрделі процесс бұрынғы метрополияның тікелей араласуымен өткендігі айқын еді. Тогодағы саяси дағдарыс төңірегіндегі пікірталастар Париждегі Министрлер кеңесінде 16 қаңтарда орын алды. Кеңестің отырысында

Мишель Хабиб-Делонкль Тогодағы ахуалды баяндады. Хабиб-Делонкль өз сөзінде былай деді: «Олимпио ұзақ уақыт бойы Гананың тарапынан арандатылып отырған қастандықтан сескенді. Бірақ төңкеріс Гананың бастамасымен емес, француз әскерінде бұрын қызмет еткен жауынгерлердің бастамасымен жүзеге асты... Силваниус Олимпио Құрама Штаттар елшілігі алдынан өлі күйінде табылды. Оның қашқысы келгенінде еш күмән жоқ» [6, 460]. Хабиб-Делонкльдің мәлімдемесі француздардың ресми ұстанымының қандай екенін ашып берді. Генерал де Голльдің пікірлері бұл позицияны нақтылай түсті.

Президент де Голль Тогодағы орын алған жағдайға қатысты көзқарасын Кеңестен кейін Ален Пейрефитпен болған әңгімеде білдірді. Генерал өз сөзінде Олимпионың бастапқыда арамзалық танытып, қателіктерге бой алдырғандығын, сонымен қатар Францияға қарсы оппозицияда өсіп, әрқашан ағылшындарға арқа сүйеп билікке Францияға қарсы болып келгенін және барлық жағынан француздардан алшақтауға ұмтылғанын, қиын жағдайдың өзінде Францияға сенбей, шын жүректен ынтымақтаспағанын атап өтті [7, 460]. Силваниус Олимпио ағылшындарға арқа сүйеп қатты қателескендігі даусыз. Осы арамзалығы, осы қателігі үшін Олимпио тиісті жазасын алды деді генерал де Голль. Өзге франкофонды мемлекеттердің президенттеріне қарағанда Олимпио француз қауіпсіздік қол шатырының астына кіруді де, ішкі саяси дағдарыс туындаған сәтте француз күштерінің көмегін пайдалануды да қаламады. Осыған байланысты генерал де Голль «Егер француз әскерлері онда болғанда Олимпио билікте өмірінің соңына дейін қалар еді» деді [8, 461]. Мәңгілік диктатор болудың ең басты шарты – Францияға деген шынайы адалдығын таныту болған еді.

Тогодағы саяси тәртіпсіздікті реттеу мақсатында аймақтағы Францияның бәсекелесі Нигерия көршісінің ішкі істеріне араласуға әрекет танытты. Нигерияның жоспарына Ганада қосылуға ниет білдірді. Өз кезегінде бұл аймақтағы франкофонды елдер үшін де, Францияның геосаяси жүйесіне де айтарлықтай қатер төндірді. Генерал де Голль Нигерия мен Гананың интервенция жасауына үзілді-кесілді қарсы шықты. Өйткені олардың артын-

да Англияның тұрғаны анық еді. Нигерия интервенция жасай қалса, оған Гана қосылады, одан кейін ағылшындар, оның артынан БҰҰ, яғни орыстар мен америкалықтар, содан кейін бүкіл әлем деген сөз. Мұндай жағдайды қара құрлықтағы вотчиналары үшін тым қауіпті деп есептеген француздар Тогодағы және өзге франкофонды елдердегі саяси дағдарыстарды реттеуге тек француз тілдес елдер мен француздар ғана қатысуы тиіс деген қорытындыға келді.

Осы жолда француздар франсафрика геосаяси жүйесі ішінде «троян жылқысы» немесе англосаксондық экспансияның қолшоқпары болған Олимпиодан құтылды. Елисейдегі «Африка мырзалары» Олимпионың ұлтшылдығына, панафрикалық идеяларына, дербес саясат жүргізу талпыныстарына төзімсіздікпен қарады. Того Тропикалық Африкадағы өзге франкофонды елдер секілді француз вотчинасы болды және француздар өз мүддесіне жауап беретін тұлғаны осы иеліктердің басшысы етіп тағайындау дәстүрін қалыптастырды. Бірақ Того БҰҰ-ның бақылауындағы халықаралық қамқорлықта болғандықтан, француздар өз адамын билікке алып келе алмады. Того қоғам қайраткері Жакоб Ата-Аий Францияның бұл саясатын «Тогоның мемлекеттік суверенитеттілігін тәркілеп алу, того халқының демократияға, еркіндік пен әлеуметтік өркендеуге ұмтылысын елеусіз қалдыру» деп бағалады [9].

Олимпионың орнын басқан президент Николя Грюницкий Франциямен қорғаныс туралы жаңа келісім жасады. Әскери-техникалық көмек туралы келісім Францияға Того қарулы күштерін құруға, ұйымдастыруға және жабдықтауға мүмкіндік берді. Бұған дейін Тогоның өзінде

ұлттық қарулы күштер құрылып үлгермеген еді. Ал елдегі әскерилерді президент Олимпио француз жалдамалылары ретінде қарастырды. Грюницкий Тогодағы француз мүдделерін толықтай қамтамасыз етіп, «Францияның досына» айналғанымен ұзақ уақыт елді басқара алмады. Генерал де Голль ол туралы «Грюницкий бізге жарайды, бірақ ол сондай мықты қайраткер емес» деді [10, 461].

Елисейдегі «Африка мырзаларының» көңілінен шықпаған Тогоның екінші президенті Николя Грюницкий 1967 жылы орнынан түсірілді. Елдің президенті болып Жак Фоккардың досы Этьен Гнасингбе Эйадема сайланды. Эйадеманың келуімен Тогода франсафрика жүйесі салтанат құрды. «Францияның адал досы» ретінде Эйадема француздардың мүдделеріне толық жауап берді. 1971 жылы 13 қаңтарда Силванус Олимпионың өлімін еске алуға байланысты Тогоның астанасында өткен жиында Жак Фоккар «Біз генерал Эйадеманың Тогодағы барлық істерді өз қолына алғанына разымыз» деп мәлімдеді [11]. Гнасингбе Эйадема өз беделінің төмендігіне қарамастан Францияның тұрақты түрде қолдау көрсетуі арқасында ғұмырының соңына дейін елді басқарды.

Олимпионы төңкеру француздардың интервенция доктринасының екі жүзділігін көрсетеді. Француздар оны төңкеруді ұйымдастырғандықтан саяси дағдарыс барысында оған көмекке келуді ойлаған жоқ. Мұнда Олимпионың жеке басының қателіктерін атап өткен жөн. Көп жағдайда ол өз әрекеттерімен француздарды өзіне қарсы қойды. Ескі Фашода синдромы да Францияны осындай қадамға баруға итермеледі.

Әдебиеттер

- 1 Duroselle J.-B. Kaspi A. Histoire des relations internationales de 1945 à nos jours. – Armand Colin, 2006 (14e édition). – 671 p.
- 2 Manchego E. Sarkozy et la francophonie: le défi togolais // <http://www.letogolais.com/article.html?nid=3252>
- 3 Mamère M. «La France de Chirac fait tout pour qu'une monarchie héréditaire continue» au Togo // <http://www.letogolais.com/article.html?nid=1908>
- 4 Mamère M. «La France de Chirac fait tout pour qu'une monarchie héréditaire continue» au Togo // <http://www.letogolais.com/article.html?nid=1908>
- 5 La face cachée de la politique africaine de la France. Une neo-colonie nommée Togo – gouverneur: Eyadema // <http://www.pressafrique.com/m105.htm>

6 Peyrefitte A. C'était de Gaulle. – Editions de Fallois/Fayard, 1997. – Vol. 2. «La France reprend sa place dans le monde». – 653 p.

7 Peyrefitte A. C'était de Gaulle. – Editions de Fallois/Fayard, 1997. – Vol. 2. «La France reprend sa place dans le monde». – 653 p.

8 Peyrefitte A. C'était de Gaulle. – Editions de Fallois/Fayard, 1997. – Vol. 2. «La France reprend sa place dans le monde». – 653 p.

9 Ата-Аyi J. Chirac sonne le rassemblement des recalés du peuple togolais // <http://www.letogolais.com/article.html?nid=2211>

10 Peyrefitte A. C'était de Gaulle. – Editions de Fallois/Fayard, 1997. – Vol. 2. «La France reprend sa place dans le monde». – 653 p.

11 Toulabor C. La France: souteneur de la dictature au Togo // <http://www.letogolais.com/article.html?nid=1253>

ӘОЖ 17:001.12

Д.М. Көкеева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: dmkbuddy@mail.ru

Мемлекет пен дін арақатынасындағы құндылықтар мәселесі

Дін феноменінің негізгі ерекшелігі оның үздіксіз жаңаруы мен тосын құбылыстардан көрінуінде болғандықтан, дін мәселесін зерттеу де толассыз ізденісте болуы қажет екендігін ескеруіміз қажет. Жалпы, діннің пайда болуы мен оның таралуы әр елде, әр қоғамда әртүрлі сипатта болғандықтан, дінтану ілімі көп концепцияларды ұсынады. Қоғамда туындаған осы қажеттілікті қанағаттандыру тұрғысынан және Қазақстанда жаңадан қалыптасып келе жатқан дінтану ғылымының сұранысын ескерсек, осы мәселеге байланысты діни-философиялық ізденістер жүргізу өзектілігі даусыз болғандықтан, діни қатынастарды ұлттық маңызы бар мәселе ретінде қарастырғанымыз жөн. Сондықтан мақалада мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудегі негізгі бағыттар сараланады.

Түйін сөздер: дін, теократия, харизматика, саясат, мемлекет.

Д.М. Көкеева

Вопросы взаимодействия государства и религии и его ценности

В статье поднимаются вопросы взаимодействия государства и религии, регулирования этого взаимодействия, изучение опыта зарубежных стран в аналогичной сфере, история и перспективы развития.

Ключевые слова: религия, харизматика, политика, государство.

D.M. Kokeyeva

The questions of interaction between state and religion and it's values

In this article raises questions of interaction between state and religion; regulate their activities, learning experiences of other countries on the regulation of interaction between state and religion, their past, present and future is explored.

Keywords: religion, charismatic, policy, state.

Егеменді еліміз Қазақстанның өтпелі кезеңде тоталитарлық әлеуметтік қоғамның зиянды тұстарынан толығымен айығып, өркениетті елдерге тән қоғам құруы оның ұлтаралық, діни қатынастарда дұрыс бағыт ұстауына, әртүрлі дін өкілдерінің татулығын тұрақты ете алуына байланысты. Көп ұлтты Қазақстан қоғамында түрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулық болса, рухани тоқыраудан шығу мүмкіндігіне ие болары сөзсіз. Сондықтан мемлекет діни қауымдастықтар арасындағы өзара

байланыс пен қоғамның рухани өміріне пайдалы байланысқа түсуін қамтамасыз етуі қажет. Әрі Қазақстандағы барлық діни ұйымдардың мақсат-мүдделеріне сай іс-шаралар жүйесі атқарылып, жүзеге асырылып отырғаны дұрыс. Сонда ғана діни қатынастар орнықты болып, діни қауымдастықтар татулығы сақталары шүбәсіз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дінді тұтыну жағынан көп сипатты қоғам өмір сүргендіктен, дін өкілдері дәстүрлі және дәстүрлі емес

бірлестіктерге де ұйымдасқан. Сондықтан қазіргі Қазақстанда қалыптасқан діни жағдайға байланысты «дін ұстану және діни танымды уағыздау бостандығының жүзеге асырылуы қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмір сүруі, денсаулықтарын сақтау мен имандылығын, бостандықтарын қорғау мақсатында ғана заңмен шектелуі мүмкін» [1,3]. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін елімізде көптеген діни ұйымдардың пайда болуының өзі дін мәселесіне байланысты саясаттың бағыт-бағдарлары анықтала түсуін қадағалай отырып, түрлі қоғамдық аймақтарға қатысты заңдық принциптер мен нормалардың бекітілуін қамтамасыз етті. Ал діни қатынастардың ерекшелігі – қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени, рухани сфералардан көрініс тауып жататыны белгілі. Сондықтан бір ғана діни қатынастар мәселесімен айналысу мүмкін еместігі діннің өте күрделі құбылыс екендігін дәлелдей түседі. Осыған орай дін мәселесіне байланысты мемлекеттік саясат рөлінің арта түсуі діннің қоғамдағы алатын орны мен қызметін анықтау қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болмақ.

Бірақ қазіргі таңда заңның ең үлкен қателіктерінің бірі – біріншіден, еркіндік принциптері басымдау, яғни діни бірлестік құруға рұқсат беру мен діни қызмет жасауға мүмкіндік алу болса, екіншіден, мемлекет мүддесін қорғау мақсатында діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салу, міндеттеу, мәжбүр ету принциптері қатаң қаралмағандығын баса айтуға болады. Тәуелсіз қазақ елі діни сенімге бостандық беру арқылы демократиялық үрдістерді қалыптастыруға ұмтылыс жасауда. Алайда шетелдік діни бірлестіктердің бағдарламасына сараптама жасайтын үкіметтік комиссияның құрамында діни бірлестіктердің сенімі мен тарихына талдау жасайтын мамандардың аздығы, кейбір діни бірлестіктердің елімізге қауіпті екендігін анықтай алмауымыздың негізгі себебі болмақ.

Сонымен қатар соңғы онжылдықтар азаматтық қоғам мен нарықтық экономиканың құрылуы ғана емес, сондай-ақ «діни серпілістің» болуымен де сипатталады. Бұрынғы діни бірлестіктер бағыттарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін барынша беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни ұйымдардың пайда болуы байқалғандығын айта кетсек, Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы

екендігін де ескергеніміз жөн. Ондағы деректер бойынша 1989 ж. 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестік болса, 2003 ж. 1 қаңтарда Қазақстанның аумағында 3206 діни бірлестік жұмыс істеген»[2]. Құбаш Сағидоллаұлының зерттеуіне жүгінсек, тұғыры биік елімізде тәуелсіздік алғаннан бері 2000-дай мешіт, 170-тен астам православтық приход, 30-дан аса католиктік костел, 1000-нан астам протестанттық ғибадат орындары ашылған. Егер 1991 жылы Қазақстанда бір ғана еврейлік синагога болса, қазір олардың саны 20-ға жеткен. Ал Қазақстандағы діни бірлестіктер саны 2010 жылы 4427-ге жеткен.

Осы аталған саны көп діни ошақтардың сапасы қандай екенін, олар қандай идеяларды дәріптейтінін анықтау қазіргі уақытта қандастарымыздың көкейінде жүрген мәселенің бірі екендігінде дау жоқ. Десек те, түсініксіз ағым-бағыттардың қазақ топырағына келуіне тосқауыл құру керектігі жөніндегі үндеулері аяқсыз қалмай, «діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктер жөніндегі кейбір заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы талқыға салынды. Қорытынды бойынша салыстармалы кестеге 58 түзету енгізілген. Жаңа заң бойынша бірлестіктерді орталық, жергілікті немесе діни топтар деп классификациялау енгізілді. Сонымен қатар діни бірлестіктерді тіркеу тәртібі мен оларды тіркеуден бас тартуға себеп болатын негіздер анықталған болатын [3, 10]. Дегенмен де тәуелсіздіктің нәтижесінде дінмен үндес діни-философиялық мәселелерді оң шешудің ыңғайы туып, дінді жаңаша және тәуелсіз қайта бағалаудың сәті түсті. Сондай-ақ қарабайыр материализмге де, жалаң мистицизмге де берілмей төзімді, жаңашыл және орта ұстанымды таңдаудың қажеттілігі туып отыр. Рационализм де, діни сезім де ақиқаттың түбіне жетуге, ақиқаттың мәнін пайымдау арқылы бақытқа жетуге, этикалық тазалыққа, шынайы еркіндікке, рухани кемелдікке ұмтылары сөзсіз. Сондықтан діни танымдық жолдың басты айырмашылығы танымның әдісінде жатқандығын айыра алған да жөн.

XX ғ. мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудің зайырлы жүйесін таңдағандықтан, оның құқықтық реттеудегі негізгі бағыттарын меңгеру арқылы елдің ішкі тәртібі сақталары сөзсіз. Сондықтан аталмыш жүйедегі әлемдік тәжірибеге сүйене отырып,

мемлекет пен діннің арақатынасын құқықтық реттеудің төмендегідей бағыттарын көрсетуге болады:

1. Теократиялық (діннің мемлекетті басқаруы) жүйеде бір діннің ұстанымдары негізінде мемлекеттің басқару формасы мен қоғамдық қатынасты реттеу заңдары қарастырылады әрі құдайдың мемлекетті тікелей басқаруға қатысуы, құдайдың нұсқауы бойынша билеушілердің мемлекетті басқаруы (таухид діні тұсында пайда болған Рим, Византия, Омаят, Аббасит, Фатимит және Иран мен Ватикан) деп екі арнаға бөліп қарауға болады.

2. Клерикальді (мемлекеттің дінді басқаруы немесе белгілі бір дінді қолдауы) жүйеде мемлекет халықтың басым көпшілігі қабылдаған дінге қолдау көрсете отырып, бір дінге құқықтық тұрғыдан артықшылық беруі әрі дінге қайшы келетін өзге сенімдердің насихатталуына жол берілмеуі қарастырылады. Клерикальді жүйе кей деректерде «Сезаро папизм» немесе «Византизм» терминдерімен беріледі. Бүгінгі таңда клерикальді жүйеге жақын мемлекеттер зайырлы мемлекет болып танылғанымен, өз аумағы мен халқының тарихи танымында ерекше рөлге ие бір дінге мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсетіледі. Алайда дінді мемлекеттің саясатына араластырмайды. Сонымен қатар халықтың басым көпшілігі ұстанатын нақты бір діндерге қолдау көрсетіп, өзге діни ағымдардың қызметіне шектеу қоятын зайырлықтың клерикальді жүйесіне өтуі үшін бүгінгі қолданыстағы дін жөніндегі заңда төмендегідей қағидаларды қатаң саралау керектігін ұмытпауымыз қажет:

- Мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің араласуына жол берілмеу;
- Мемлекеттік билікші органдар діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласпау;
- Діни бірлестіктерге партия ретінде құрылуына жол бермеу;
- Мемлекет тарапынан діни бірлестіктерді қаржыландырмау;
- Дінді мемлекеттің білім бағдарламасына арнайы пән ретінде енгізбеу;
- Білім беру орындарында дінтану пәндерін танымдық деңгейде өткізу;
- Адамдардың ар-ождан бостандығы мен діни сенімін қамтамасыз ету.

3. Конкордато (мемлекет пен діннің ортақ келісімге келуі) жүйесі бойынша билеушілер мен дін өкілдері келісе отырып, мемлекетті

ортақ басқарады. Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, конкордато жүйесі зайырлыққа жақын дегенді алға тартады. Ал орта ғасырлардағы Ислам мемлекеттерінің көпшілігінде билеушілер дін өкілдеріне құрмет көрсету арқылы халықты басқарғаны тарихи деректерден белгілі. Сондай-ақ Наполеон секілді билеушілер дін өкілдерімен ортақ мәмілеге келуі арқылы ел басқарған. Конкордато жүйесіне жақын зайырлы мемлекеттерге Мысыр, Ауғанстан, Ливан, Италия және Испания мемлекеттерін жатқызуға болады.

4. Харизматика (құдайдың рахымы түскен әулие тұлғаның билігі) жүйесіндегі түсінік бойынша жеке бір тұлғаның бойына тылсымнан күш қонғаны айтылады. Сол себептен тарих беттеріндегі көптеген билеушілердің қимыл әрекеттері құдайлық сипатқа ие болғандықтан, мемлекетті басқара алған деген түсінікті де алға тартады. Мәселен, «көктегі тәңір» жердегілерге билігін жүргізу үшін жер бетіне «қағанды» түсірді деген ұғымдарды Орхон-Енисейдегі тасты таңбалардан көруге болады. Ислам тарихына зер салатын болсақ, шииттік ғұлат топтардың жетекшілерінің көпшілігі «хулул» (құдай рухының адам денесіне енуі) сенімінің негізінде діни қозғалыстар жасаған болса, үнді дүниетанмындағы түсінік бойынша Вишну құдайдың рухы Прабхабутаның, Брахманың рухы Рамакришна мен Свамидің бейнесіне ену арқылы әлемнің тепе-теңдігін сақтап отырған деген түсініктерді ортаға салады. Сондай-ақ IX ғасырда солтүстік Африкада өмір сүрген «Фатимиттер» мемлекетінің жетекшілері де өздеріне «маһди» (ғайыптан пайда болатын киелі жол сілтеуші) атауын беріп, мемлекет құрғандығын айта кетуге болады. Сондықтан қазіргі таңда диктаторлық, яки авторитарлық мемлекеттердің көсемдерінің бойына «құдайдың рухы» дарыған деп халықтың илануы осы харизматикалық жүйенің түсіндірмесіне жақын келеді.

5. Батыс философтары Николла Макиавелли, Мартин Лютер ұстанған пікір «Лайцизм» (мемлекет пен діннің бір-бірінің ісіне араласпауы) жүйесі бойынша дін саясаттан бөлініп, мемлекет дін істеріне орынсыз араласпауы тиіс. Алайда дін мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтірген жағдайда мемлекеттің дін ісіне араласуына құқы бар. Аталмыш ұстанымға қарсы орта ғасырда еуропа елді мекендерінде дін өкілдері мен ғылым қайраткерлерінің арасындағы түсініспеушілік туындап, ішкі тартыс ұзақ уақытқа дейін

созылғандығы тарих беттеріндегі «дін мемлекет ісіне араласпасын деген пікірді жақтаушыларды дін өкілдері билеушілер арқылы отқа (инквизиция) тасталғандығы» белгілі [4,43]. Дегенмен, 1776 жылы «Адам құқығы» декларациясы АҚШ-та қабылданса, 1789 жылы Францияда қабылданып, сословиелік жүйе жойылды, сонымен қатар дін мемлекет ісіне, мемлекет дін ісіне араласпайтын жаңа мемлекеттік құрылым өз қызметін бастады. Мемлекеттік құрылымдық жүйені 1831 ж. Бельгия, 1911 ж. Португалия, 1918 ж. Германия, ислам елдерінің ішінде алғаш 1924 ж. Түркия қабылдаған болатын.

Діндерге тең құқық беретін зайырлы мемлекеттерге АҚШ, Франция, Германия, Бельгия, орта Азия (Қазақстан) мемлекеттерін, сондай-ақ, посткөнестік мемлекеттердің бір шамасын жатқызуға болады. Алайда зайырлы мемлекет құрудың мемлекеттік құрылымдық жүйесі елдің болашағы үшін аса қауіпті болмақ. Себебі діндерге тең құқық беру демократиялық бағыты болғанымен, діни сенімі мен ұстанымы бір-біріне қарсы келетін ағымдардың бір мемлекетте бір мезгілде қатар өмір сүруі, қоғамдық бір жақты тәртіпті жоғалтып, нәтижесінде мемлекеттің ыдрауына әкелуі әбден мүмкін.

Айталық, елімізде қайта өрлеу кезеңінде дәстүрлі және дәстүрлі емес бағыттардың орын тепкені рас. Сол себептен қазіргі таңда тәуелсіз еліміз Қазақстанның топырағында тамырын терең жайған дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің тарихы мен олардың таралу ерекшеліктерін талдауды қажет етуде. Себебі Ресей империясының отаршылдық саясаты, кейін кеңестік тоталитарлық тәртіп қазақ қоғамындағы діннің мәні мен маңызын объективті тұрғыдан жан-жақты талдап зерттеуге мүмкіндік бермеген еді. Сондықтан Қазақстандағы діни

жағдайды назардан тыс қалдырмай әлеуметтік қатынастардың құрамдас бөлшегі ретінде қарастыруды ескеру қажет. Себебі өтпелі кезеңдегі діни өзгерістер мәнін түсінбей жатып, жалпы қоғамдық санадағы өзгерістер мәнін ұғыну оңайға соқпасы анық.

Киелі топырағымыз қазақ жерінде жат діндердің орын тебуі еліміздің қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келеді. Қазақстан – көп ұлтты, сондай-ақ көп дінді тәуелсіз мемлекеттің бірі. Қазақстандықтарды ынтымақ пен ортақ мақсаттар төңірегінде ұйытатын бірден-бір күш плюралистік идеология болғандықтан, қазақ даласындағы барлық діни ұйымдар мен идеология жүйелері адамгершілік принциптерін, жалпы адамзаттық мұраттар мен міндеттерді насихаттаулары қажет екендігі ескерілуіне қалмау керек. Онсыз қоғамдық өмірде татулыққа, ымыраға келу әсте мүмкін емес. Алайда әртүрлі діндер мен ұлттардың сан қилы да қайшылықты мүдделерін жалпы адамзаттық мақсаттар біріктіре алатынын есте тұтқанымыз жөн.

Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік белестері» кітабында көрсетілген: «Діннің тұтастығы – қашанда елдің тұтастығы. Діни алауыздық ұлттық алауыздыққа соқтыратыны тарихтан белгілі... Қазақ даласында ислам дінін орнықтырғандардың бірі – данышпан бабамыз Ахмет Йассауи осы жағдайларды ескере отырып, түркі жұртындағы ислам дәстүрлерін қалыптастырады. Осы дәстүрмен, мінеки, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы өздерінің ұлттық сана-сезімдерін қалыптастырып келеді. Сондықтан ұлттық сипатқа айналған дәстүр мен дүниетанымымызға сырттан келіп, түзету жасағысы келетіндерге жол бере алмайтынымызды ашық айтамыз» деген ойларымен қорытындыласақ артық болмас.

Әдебиеттер

- 1 Діни сенім бостандығы немесе діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Қазақстан, 1993.
- 2 Байтенова Н.Ж. О роли межконфессионального диалога и согласия в послании Президента Казахстана // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – Алматы, 2007.
- 3 Мыңжасарқызы Д. Діни азғындарға тосқауыл болады ма? // Ислам және Өркениет. – 2008.
- 4 Шкутина Л.А. Проблема межконфессиональной толерантности в системе образования. – Alma mater. – 2012. – №1.

ӘОЖ 327(4/9);930.22(4/9)

А.Б. Карабасова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: tolkimiss@mail.ru

Дэн Сяопиннің түсінігіндегі социалистік модернизацияның мақсаттары мен міндеттері

Мақалада Дэн Сяопиннің ҚХР экономикасын және саясатын социалистік модернизациялаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері Дэн Сяопиннің түсінігі тұрғысынан қарастырылды. Негізгі қайнар көзі ретінде Дэн Сяопиннің «Қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрастыру» еңбегін пайдалана отырып, Қытайдың қазіргі таңда қол жеткізген экономикалық және саяси жетістіктерінің алғышарты және құралы болған социалистік модернизацияның міндеттері мен мақсаттарына талдау жасалған.

Түйін сөздер: Дэн Сяопин, социалистік модернизация, қытайлық ерекшелігі бар социализм, Қытай, реформалар.

А.Б. Карабасова

Цели и задачи социалистической модернизации в понимании Дэн Сяопина

В статье рассмотрены основные положения теории экономической модернизации Дэн Сяопина. Используя в качестве основного источника книгу Дэн Сяопина «О строительстве специфически китайского социализма», предпринята попытка установить основные цели и задачи социалистической модернизации в понимании Дэн Сяопина.

Ключевые слова: Дэн Сяопин, социалистическая модернизация, социализм, Китай, реформы.

A.B. Karabassova

The purposes and objectives of socialistic modernization in Deng Xiaoping's comprehension

In the article are considered the purposes and objectives of socialistic modernization in Deng Xiaoping's comprehension.

Keywords: Deng Xiaoping, China, socialistic modernization, reform.

Қытайдың соңғы отыз жылдықта халықтың өмір сүру деңгейі мен экономикасының көтерілу, ғылым мен техниканың, білім беру мен медицина саласын дамытуда жеткен жетістікері баршаға мәлім. Бұл жетістіктер Қытайдың ұлы саяси қайраткері Дэн Сяопиннің қызметімен үздіксіз байланысты. Оны біздің заманымыздың ұлттық көшбасшыларының ішіндегі ең беделділердің бірі деп толық негізде айтуға болады, себебі ол әлемнің халқы ең тығыз

орналасқан халықты саяси аласапыран, кедейлік және артта қалу күйінен алып шығып, оны тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму жолына бағыттап алды.

Қытайды социалистік модернизациялау Дэн Сяопиннің теорияларына негізделген. «Дэн Сяопин теориясы» ҚКП XV құрылтайында (1997 жылдың қыркүйегі) Қытайдың билеуші партиясы қызметінің идеялық-саяси платформасының негізгі компоненттерінің бірі ретінде бекітілген болатын.

Дэн Сяопиннің стратегиялық идеялары немесе теориялары үш негізгі бөлімнен тұрады: 1 – ұлттық даму стратегиясы, 2 – халықаралық стратегиялық жағдай, 3 – ҚХР ұлттық мүдделері және ұлттық қауіпсіздік стратегиясы.

Ұлттық даму стратегиясы Дэн Сяопин теориясының өзегі болып табылады және екі іргетасқа негізделген: бастапқы кезең социализмінің теориясы және социалистік нарықтық экономика. Бұл стратегияның мәні – Қытай халқының негізгі ұзақ уақытқа бағытталған мақсаты – мемлекетті гүлденген, мықты, демократиялық және өркениетті қазіргі заманғы социалистік мемлекетке айналдыру. Бұл мақсатқа жету жолы үш сатыға бөлінеді. 1981-1990 жылдарды қамтитын бірінші сатысында жалпы ұлттық өнімді екі еселендіріп, азық-түлік және киім мәселесін шешу қарастырылған. Қазіргі таңда Қытай берілген мақсатына сәтті қол жеткізді. 1991-2000 жылдарды қамтитын екінші сатыда жалпы ұлттық өнімді 1 трлн. АҚШ долларына дейін жеткізіп, жан басына шаққандағы кірісті 800-1000 АҚШ долларына көтеру көзделген. Берілген кезеңнің жоспарларын іске асыру Қытайды «салыстырмалы гүлденуге» алып келеді деп қарастырылды. Қытай бұл мақсатын да сәтті жүзеге асырды. 2001-2050 жылдары жүзеге асырылуы тиіс, үшінші сатыда Қытай орташа дамыған мемлекеттердің дәрежесіне жетіп, модернизацияның негізгі мақсаттарын іске асыруды мақсат етіп қойды.

Халықаралық стратегиялық жағдай екі бөліктен тұрады: бейбітшілік және даму. «Бейбітшілік және даму» концепциясын дэн Сяопин алғаш рет 1984 жылдың 31 қазанындағы әңгімесінде жариялады. Ол: «Халықаралық аренада екі орасан зор мәселе бар, біріншісі – бейбітшілік мәселесі, келесісі – Солтүстік – Оңтүстік мәселесі» [1, 89]. Дэн Сяопин әлемдік соғыс мүмкіндігі концепциясының орнына қазіргі заманғы кезеңде бейбітшілік идеясының келгендігін айтып, жаңа жағымды халықаралық жағдай жаңа әлемдік тәртіптің, «көпполярлықтың» орнауына алып келетіндігін айтты.

ҚХР ұлттық мүдделері және ұлттық қауіпсіздік стратегиясына келер болсақ, Дэн Сяопин ҚХР ұлттық мүдделері «мемлекеттің социалистік табиғатымен» және басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасауда «жоғары критерий» болатыны жөнінде айтты. Ұлттық мүдделер қатарына суверенитет, қауіпсіздік,

экономикалық даму, халықаралық дәреже және абырой жатқызылды. Маңызды ұлттық мүдделер қатарына Сянган (1997 ж.), Аомэнь (1999 ж.) және Тайванмен бірігу де жатқызылды.

Берілген мақала да Дэн Сяопин теориясының бірінші бөліміне арналған. Жекелей айтқанда, модернизацияны іске асырудың мақсаттары мен міндеттеріне Дэн Сяопин тұрғысынан, оның «Қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрастыру туралы» деп аталатын таңдамалы еңбектерінің жиынтығын дерек көз ретінде ала отырып талдау жасалған.

1987 жылдың қазан айында өткен ҚКП-ның XIII құрылтайында Дэн Сяопиннің көзқарастары бойынша модернизация стратегиясы ресми түрде бекітілді. Осы стратегияға сәйкес, Қытай халықты азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз ету мәселесін шешіп, 1990 жылы жалпы ұлттық өнім дәрежесін 1980 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда екі есеге ұлғайтуға міндетті болды. Бұл – стратегияның бірінші қадамы. Екінші қадам – 1990 жылғы жалпы ұлттық өнім көрсеткішін XX ғасырдың аяғында екі есеге ұлғайту, осылайша, даму арқылы халықты толығымен қамтамасыз етіп, ауқаттылықтың орта деңгейіне жеткізу. Үшінші қадам – ұлттық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы деңгейін XXI ғасырдың ортасында орташа дамыған мемлекеттердің дәрежесіне жеткізу, халыққа ауқаттылықтан жоғары өмір деңгейін қамтамасыз етіп, негізінен, модернизацияны аяқтау.

Дэн Сяопин модернизация механизмін мемлекеттің өндіргіш күштерін ғылыми-техникалық потенциалдың негізінде дамытудан көрді.

1978 жылдың 18 наурызында ғылым қызметкерлерінің Бүкілқытайлық кеңесінің ашылуында сөйлеген сөзінде, Дэн Сяопин ғылыми-техникалық төңкерістен кейінгі дәуірде ғылым мен техника ие болатын өндіргіш күштердің рөлін ерекше атап өтті. К. Марксқа сілтеме жасай отырып, ол ғылымды ең басты өндіргіш күштердің бірі деп атады: «қоғамның өндіргіш күштерінің осыншалықты кең ауқымды дамуы, еңбек өнімділігінің осыншалықты зор өсуі ненің арқасында? Ең бастысы, ғылымның арқасында, техниканың арқасында» [2, 9].

Чехословакиялық Социалистік Республикасының президенті Г. Гусакпен 1988 жылдың 5

қыркүйегінде өткен кездесуінде Дэн Сяопин XX ғасырдың екінші жартысында ғылым мен техниканың «Маркстық анықтамасын мейлінше жеткілікті деп санауға болмайды» және олар «бірінші қатарлы өндіргіш күш болып саналады» деп атап кетті [3, 367].

Дэн Сяопин Мао Цзэдунмен салыстырғанда, таптық күреске барлық күшін жинақтаған жоқ, және оны әлеуметтік-экономикалық дамудың қозғаушы күші ретінде есептеген жоқ.

Марксизмнің белгілі тарихшысы, Цзиньнань университетінің профессоры Ань Вэйфу атап өткендей, «Маркста қазіргі заманғы қоғамдық дамудың екі моделі бар. Алғашқысы – «Коммунистік парияның манифесті» бойынша белгілі таптық күрес моделі, ал екіншісі – 30 жылдан соң «Капиталдың» 3-томында айтылған техникалық ілгерілеу моделі. Екінші моделге сәйкес, ілгерілеудің қозғаушы күші ғылым мен техника болып табылады. Дэн Сяопиннің теориясы осы моделмен үйлеседі» [4, 454-456].

Осылайша, Дэн Сяопин ғылым мен техниканың дамуын социализм экономикасының маңызды міндеті деп есептеді. Осы міндетке сәйкес, ол модернизацияны іске асыру құралдарын таңдады. Бұл құралдар экономикалық және саяси реформалар, сонымен бірге сыртқы әлемге ашықтық саясаты болып табылады. Дэн Сяопин модернизацияны жүзеге асырудың берілген екі факторына үлкен мән берді. Осыған байланысты, ол халықаралық сауданы дамытуға қолдау көрсетудің жапондық Ассоциациясы делегациясының басшысы Есиро Сакураутиге былай деген болатын: «Реформалар мен ашықтық саясатынан бас тарту – біздің негізгі даму стратегиямыздан бас тартуға тең» [5, 415]

Дэн Сяопиннің ойынша, экономикалық өзгерістер өндіргіш күштерге сәйкес келмейтін өндіргіш қатынастар мемлекет дамуының тежеуші факторына айналмауы үшін, өндіргіш қатынастарды өндіргіш күштердің дамуымен сәйкестендіруге бағытталуы тиіс. Реформалар үдерісін, Дэн Сяопин 1949 жылдан кейінгі «екінші төңкеріс» деп сипаттады, бірақ бұл төңкеріс қандай да бір қоғамдық тапқа қарсы және ескі құрылымды талқандауға бағытталған төңкеріс емес, ал социализмді өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси негізінде өзін-өзі кемелдендіру жолымен төңкерістік жаңаруы

мәнісіндегі төңкеріс. Дэн Сяопин социалистік Қытайдың экономикалық саясаты бірегей және де әлемдік социалистік жүйеде мұндай саясат әлі жүргізілмегенін атап өтті.

Германия Федеративті Республикасының канцлері Г. Колмен 1984 жылдың 10 қазанында өткен кездесуінде Дэн Сяопин ҚХР экономикалық реформаларының екі сатысы туралы айтты [6, 251]. Бірінші саты 6 жылға созылды, ол ҚКП ОК 11-шақырылымының 3-пленумынан бастау алған болатын, бұл пленумда ауыл шаруашылығын реформалау бағдарламасы қарастырылып, қабылданған болатын. Жекелей алғанда, алуан түрлі формалардағы отбасылық мердігерлік міндеткерлікке көшу жүргізілді, осыған сәйкес, жер шаруаларға ұзақ уақытқа жалға беріліп отырды [7, 450]. ҚКП ОК 12-шақырылымының 3-пленумынан басталған, реформалардың екінші сатысында, реформалар ауылдан қалаға көшті. Ауылдың да, қаланың да тұрғындарын алуан түрлі күнделікті қажеттілік заттары және өндірістің кейбір құралдарымен (мысалы, мини тракторлар) қамтамасыз еткен «кіші индустрияландыру» басталды. Бұл сатыда Қытайда негізгі таяныш жеке меншік капиталдың (ұлттық және шетелдік) жаңа өндірістік құрылымдарын жасауға сүйенді. Сонымен бір уақытта, мемлекеттік меншік жекешелендірілген жоқ.

Осылайша, модернизацияның нысаны, сонымен бір уақытта оның негізі, Мәдени төңкеріс кезеңінде ең көп жапа шеккен халық бөлігі – шаруашылық болды. Осыған байланысты Дэн Сяопиннің келесі сөзін мысалға келтіруге болады: «Қытайдағы жағдайды негізге ала отырып, біз, ең алдымен, ауыл жөніндегі мәселені шешеміз. Қытай халқының 80 пайызы ауылда шоғырланған, сондықтан да мемлекетті тұрақтандыру, алғашқы кезекте ауылды тұрақтандырудан байланысты. Қалалар қанша жақсарғанымен де, ауыл секілді тұрақты негізсіз өмір сүруі мүмкін емес. Сондықтан біз, ең алдымен, ауылдағы экономиканы жандандырдық...» [8, 241].

Ал ашықтық саясаты, біріншіден, Қытайға реформаларын іске асыру, бейбіт әрі болжауға болатын халықаралық жағдайды қамтамасыз ету үшін қажет. Джорджтаун университеті жанындағы стратегиялық және халықаралық зерттеулер Орталығының делегациясымен

1984 жылғы кездесуі барысында, Дэн Сяопин «Қытайға қарқынды ішкі құрылыс үшін, кем дегенде 20 бейбіт жыл қажет» деп мәлімдеді [9, 230].

Екіншіден, ҚХР жаһандану және халықаралық еңбек бөлінісі үдерісіне қосу, шетелдік инвестицияларды тарту, нәтижесінде әлемдік нарықта ҚХР өнімдерінің бәсекеге түсушілік қабілетін арттыру үшін ғылым, техника және басқарушылық ойдың әлемдік жетістіктерін қолдану. 1984 жылдың 30 маусымында жапондық делегациямен кездесуі барысында, Дэн Сяопин былай деп айтқан болатын: «Қазіргі әлем – кең қатынастар әлемі. Қытай батыс мемлекеттеріндегі өндірістік төңкерістен кейін артта қалып қойды және де соның маңызды себептерінің бірі – біздің жабық болғанымызда... 30 жылдан астам жинақталған тәжірибе, құрылысты жабық есікпен жүргізуге болмайтынын көрсетті – дамуға қол жеткізбейсің» [10, 240-241].

Сонымен бір уақытта, Дэн Сяопин капиталистік мемлекеттермен бейбіт қатар өмір сүру туралы жалған ойлардың құрсауында болған жоқ. Оны Дэн Сяопиннің Үндістанның премьер-министрі Раджив Гандимен кездесуінде айтылған сөзінен байқауға болады: «Тарихи тәжірибе көрсеткендей, мемлекет қаншалықты бай болғанымен, оның риясыздығы соншалықты аз. Түпкі нәтижеде, кедейліктен құтылу мен дамуды қамтамасыз ету үшін біз тек өз күшімізге сенуіміз керек. Ең бастысы, өз-өзіне сену...» [11, 374]. Батыс мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынастар тек қана өзара экономикалық қызығушылық болған жағдайда өмір сүре алады.

Дэн Сяопиннің пайымдауынша, модернизацияның экономикалық негізі өндірістің негізгі құралдарына деген қоғамдық меншік болып табылады, сонымен бірге экономиканың социалистік емес секторларының, соның ішінде жеке меншік дамуы да қарастырылған. Дэн Сяопин жоспар мен нарықты бір-біріне қарама-қарсы қоюдан бас тартты, себебі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық сипатына қарамастан, ол оны тек мемлекеттің қолындағы құралдар ретінде ғана қарастырды. Жоспарлы экономика болсын, нарықтық экономика болсын, олар өздігінше мемлекеттің мәнін анықтамайды, себебі жоспарды да, нарықты да, капиталистік мемлекеттер де, социалистік мемлекеттер де

қолданады. «Социалистік нарықтық экономика формасы бойынша, капиталистікті еске түсіргенімен, оның айырмашылықтары да бар. Оның негізінде жалпыхалықтық меншік жатыр және де ол сөзсіз, ұжымдық меншікпен де, шетелік капиталмен де байланысты болғанымен, ол бастапқыдан социалистік болып табылады, социалистік мәнге ие» деп айтты Дэн Сяопин канадалық «Мак Гил» университеті жанындағы шығыс-азиаттық зерттеулер институтының директоры Динь Дагуанмен әңгімесінде [12, 95].

Модернизацияның саяси-идеологиялық негізі «қытайлық ерекшелігі бар социализм» концепциясы болып табылады. Дэн Сяопиннің ойынша, социализм қоғамдық байлықтың негізгі бөлігінің қоғамның аз бөлігінің қолында жинақталуына жол бермей, жылдамтылған әлеуметтік-экономикалық даму және жалпыға ортақ әлауқаттылыққа қол жеткізу үшін қажетті материалдық және адамзаттық ресурстардың жиынтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Алайда Қытайда социализм тарихи қалыптасқан және объективті шартталған әлеуметтік-экономикалық артта қалу және көп миллиардты халқы бар мемлекеттің дамуы мен өмірдің қалыпты жағдайын қамтамасыз етуге қажетті жыртуға арналған жер мен басқа да ресурстардың жетіспеушілігі жағдайына негізделген ұлттық спецификаны есепке ала отырып құрастырылады. Сондықтан модернизация стратегиясын дамытудың басынан бастап, Дэн Сяопин КСРО-да қабылданған социалистік құрылыстың канондарына еруден бас тартты және қытайлық спецификасы бар социализмнің өзіндік моделін құрастырудың жолдарын іздестірді. Қытайдың артта қалуды жеңуі ұзақ уақытты қажет ететіндігін ескере отырып, ҚХР ХХІ ғасырдың ортасына дейін жалғасатын социализмнің бастапқы дәрежесінде екендігі жөнінде қағидалы теоретикалық ереже қабылданды.

Ойымызды қорыта келе, Дэн Сяопин социализмді дерексіз идея ретінде емес, әртүрлі мемлекеттердің әртүрлі тарихи жағдайларында өзіне тән қайталанбайтын ерекшелігі бар және барлық мемлекеттер үшін бірдей, белгілі бір сипаттардың жиынтығына тірелмеген әлеуметтік-экономикалық құрылыстың нақты формасы ретінде қарастырғанын айтуға болады. Сонымен бірге маңыздысы Дэн Сяопин әрбір саяси қайта құруды тек қана билеуші аппарат-

ты тиімді экономикалық шешімдер қабылдау үшін оңтайластыру тұрғысынан ғана қарады. Дэн Сяопиннің экономикасы модернизациялау-

да негізгі мақсаттары мен міндеттерін дұрыс анықтай алғандығына, қазіргі таңдағы Қытайдың қол жеткізген жетістіктері куә бола алады.

Әдебиеттер

- 1 Printsipy mirnogo sosushestvovaniya obladaut moguchei zhiznennoi siloi// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 2 Rech na otkrytii Vsekitaiskogo soveshaniya rabotnikov nauki // Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 3 Nauka i tehnika – perveyshaiya proizvoditelnaya sila// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 4 An Weifu. K. Marks o dvuh modelyakh sovremennogo obshestvennogo razvitiya //Teoreticheskiye diskussii o puti razvitiya KNR. – М., 1998.
- 5 Suvernitet i bezopasnost gosudarstva vsegda nuzhno stavit na pervoe mesto// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 6 My rastsenivaem reformu kak revolyutsiu// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 7 Pivovarova E.P. Sotsializm s kitaiskoi spetsifikoi: itogi prakticheskogo i teoriticheskogo poiska. – М., 1999.
- 8 O stroitelstve sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 9 Novuiy sposob stbilizatsii mezhdunarodnoi obstanovki// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 10 O stroitelstve sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 11 Ustanovit novuyi mezhdunarodniuy poryadok, rukovodstvuyas pyatiuy printsipami mirnogo sosushestvovaniya// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.
- 12 Rynochniyu ekonomiku mozhno razvivat i pri sotsializme// Deng Xiaoping. Stroitelstvo sotsializma s kitaiskoi spetsifikoi. – М., 2002.

ӘОЖ 330.8(4/9)

Ж.Б. Момынқұлов*, М.Т. Құрманқұлов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: janatmom@bk.ru

Түркияның экономикасында энергетикалық стратегиялардың алатын орны

Энергетика – Түркияның аймақтық және халықаралық геосаясат пен экономикадағы орнын белгілейтін маңызды фактор. Түркияның экономикасы қаржы дағдарысына қарамастан жоғары қарқынмен дамуда. Түркия экономикасының даму қарқынын бәсеңдетпеу үшін жаңа қуат көздеріне мұқтаж. Анкара энергетиканы экспорттаудың балама жолдарын қарастыруда. Түркия энергетикалық мәселелерін оңтайлы шешу үшін Каспий теңізі аймағы мен Таяу Шығыс елдерінен шикізат тасымалдаудың әртүрлі бағыттары мен стратегияларын әзірлеуде. Егер Түркия алдағы жылдары өзінің энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алса, әлемнің ең күшті он экономикасының қатарына кіруі мүмкін.

Түйін сөздер: Түркия, Әзірбайжан, Ресей, энергетика, экономика, стратегия, жоба, нарық, қуат көздері, табиғи газ, импорттау, құбыр, мұнай, шикізат.

Ж.Б. Момынқұлов, М.Т. Курманқұлов

Роль энергетических стратегий в экономике Турции

Энергетика является средством усиления Турции как в экономике, так и в международной геополитике. Важной предпосылкой для укрепления экономики Турции является обеспечение новых источников и маршрутов энергии. Во избежание зависимости от российских энергопоставок Турция реализует альтернативные энергетические и транспортные проекты, как, например, TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Транскаспийский газопровод.

Ключевые слова: Турция, Россия, Азербайжан, энергетика, экономика, стратегия, проект, партнер, энергетические ресурсы, природный газ, нефть, трубопровод.

Zh. B. Momyunkulov, M.T. Kurmankulov

The Role of Energy Strategies in Turkish Economy

Energy is a very important tool for strengthening of Turkey not only in economic but also in international geopolitics. The most significant condition for boosting economy of Turkey is to secure new energy sources and strategies.. Trying to avoid to become totally depended on Russia's energy deliveries, Turkey is urged to implement new and alternative energy logistic projects. These energy projects comprise such projects like TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Trans-Caspian pipeline.

Keywords: Turkey, Russia, Azerbaijan, energy, economy, strategy, project, partner, energy resources, natural gas, petroleum, pipelines.

Түркия Республикасы экономикасының кең ауқымдылығы мен сан-қырлылығы, сыртқы саясатының күрделілігі мен көп бағыттылығы

жөнінен алғанда халықаралық саясат пен дүние жүзілік экономиканың маңызды бөлшегі болып саналады. Түркия – бірнеше құрлықтардың ара-

сында орналасқан Еуразиялық мемлекет. Қазір Түркия сатып алу қабілеті жөнінен алғанда әлемнің 15 күшті экономикасы, ал жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) көрсеткіші бойынша 16 ел болып табылады. Түркияның экономикасында бірқатар салаларда жекешелендіру мен либералдандыру шараларының жүзеге асырылуы елдің демократия және нарықтық экономиканың заңдылықтарына сай дамуына мүмкіндік берді. 2010 жылы 8-9,2% жылдамдықпен дамыған Түркия 2011 жылдың қорытындысы бойынша Еуропаның бірінші, ал әлемнің ең жылдам дамушы (8,5%) он елінің қатарынан орын алды. Соңғы жылдары елдің ішкі сұранысы артып, экспорттардың көлемі ұлғайды.

Түрік экономикасының негізін келесі салалар құрайды. Банк, өнеркәсіп, туризм, құрылыс, текстиль, ауыл шарушылығы, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, темір, машина жасау, мотор жасау, кеме жасау, байланыс, көлік, қызмет көрсету салалары Түрік экономикасын алға қарай сүйрейтін қозғаушы күштер. Жылдам дамып келе жатқан Түркияның экономикасы жаңа, сыртқы энергетикалық қорларға мұқтаж. Энергетика – Түркияның экономикасы, саудасы, өнеркәсібі мен сыртқы саясатының күре тамыры. Энергетика – Түркияның аймақтық геосаяси ойыншы ретінде қайта күшеюінің негіздерінің бірі. Түркия энергетика мәселесін алдағы жылдарда ұтымды шеше алса, әлемнің ең мықты он елінің қатарына күруі мүмкін. Бұл тұста, әртүрлі энергия тасымал жолдарының жетілдірілуі маңызды.

Халықаралық валюта қорымен қатар көптеген халықаралық сарапшылар Түркияның экономикасын дамушы нарықтардың қатарына жатқызады. Түркия – әлемдегі жаңадан қалыптасып келе жатқан индустриялық дамушы ел. 1995 жылдан бері Түркия Еуропа одағының Кедендік одағына мүше ел. Орталық барлау агенттігінің мәліметіне сәйкес, Түркия – дамыған ел. 2008 жылғы мәлімет бойынша, Түркияда 7,500 километр табиғи газ тасымалдайтын құбырлар торабы мен 3,600 мұнай тасымалдайтын құбырлар жүйесі жергілікті экономиканың дамуын қамтамасыз етеді [1, 4].

Түркия 2023 жылға қарай әлемнің ең қуатты 10 мемлекетінің тізіміне кіруді көздеп отыр. «Түркияның 2023 жылға дейінгі даму стратегиясына» сәйкес аталмыш ел «жаһандық мемлекетке» айналуы тиіс. Бұл жоспардың жүзеге асы-

рылуына ең басты кедергі ретінде Түркияның энергетикалық ресурстарға кедей болуын атауға болады. Сондықтан Түркия өзінің транзиттік дәліз ретіндегі рөліне арқа сүйеп, «солтүстік-онтүстік», «шығыс-батыс» бағыттарында тасымалданатын көмірсутек қорларын өз пайдасына жаратып, қалған ресурстарды өз аумағы арқылы Еуропаға жеткізу міндетін өз мойнына алғысы келеді. Анкара Ресей, Иран, Әзірбайжан, Ирак, Түрікменстан, Қазақстан сияқты «энергетикалық алпауыт елдерден» бастау алып, Батысқа қарай тасымалданатын мұнай және табиғи газ құбырларын өз аумағы арқылы өткізу үшін бұрын салып, әртүрлі стратегияларды қатар дамытуда. Түркия өзінің транзиттік мүмкіндіктерін пайдаланып, халықаралық және аймақаралық саясаттағы рөлін де нығайтқысы келеді. Анкара кез келген логистикалық мүмкіндіктерді жіберіп алғысы келмейді.

Кез келген елдің экономикасының, өнеркәсібі мен индустриясының дамуы үшін қажет етілетін алғашқы талаптардың бірі – энергетикалық шикізаттарды болуы. Энергетикалық ресурстарға ие мемлекеттер қуат көздеріне кедей мемлекеттерге қарағанда анағұрлым тиімді жағдайға ие болады. Энергия көздері кез келген елдің дамуы үшін мықты негіз.

Қазір Түркия экономикалық қуаты мен ЖІӨ жөнінен Еуропа бойынша 5-орында, Еуропа бойынша техника жасауда 4-орында, әскерді жабдықтауға бөлетін қаржы көлемі бойынша әлемде 4-орында, халқы 70 миллионнан асатын және кісі басына шаққандағы кіріс көлемі 10 мың долларды құрайтын ірі елдер арасында Түркия дүние жүзі бойынша 6 орында, НАТО бойынша 2-ші күшті армияға ие, Еуропа мен Таяу Шығыс аймағы бойынша көкөніс пен жеміс-жидек экспорттау жөнінен көшбасшы орында тұр. Түркия текстиль, құрылыс, ауылшаруашылығы, туризм, сауда, т.б. салаларда Еуропа елдерімен бәсекелесе алатын жағдайда тұр. Түркияның бастамасымен ел ішінде болсын, шетелде болсын көптеген халықаралық, экономикалық, индустриялық, энергетикалық, интеграциялық, гуманитарлық, мәдени ірі жобалар жүзеге асырылуда. Түріктің «Гаранти Банк», «Халк банк», «Коч холдинг», «Сабанджы» сияқты 10-нан астам ірі кәсіпорны дүние жүзінің ең ірі, бай және күшті компанияларының тізімінде орын алған. «Түрік әуе жолдары» компаниясы Еуропаның ең

үздік қызмет көрсететін әуе компанияларының тізіміне кірген. Стамбул миллиардерлердің саны жөнінен Нью-Йорк, Мәскеу және Токиодан кейін 30 миллиардерімен дүние жүзінде төртінші орында тұр [2, 7].

Түркия экономикасының күшеюінің астарында мықты банк жүйесі, мемлекеттік қаржы жүйесі және тиісті реформалардың жасалуы сияқты факторлар жатыр. Қазір Түркияда үнемдеу саясаты, инвестиция тарту, инвестиция салу және жеке секторды дамыту стратегиялары жүзеге асырылуда. Түркия экономикасының мәселелеріне келсек, инфляция, жұмыссыздық, ішкі нарықтың тарлығы, өсімнің тұрақсыздығы, кірістерді үйлестірудің мәселелері сияқты мәселелермен қатар, энергетикалық көздердің жеткіліксіздігін жатқызуға болады. Өйткені көптеген өндіріс орындарының жоғарғы қарқынмен дамуы үшін энергетикалық қуат көздері қажет. Бірақ энергетикалық жеткіліксіздігіне карамастан Түркия алдына үлкен мақсаттар қойып отыр. Бұл тұста Анкара өзінің дипломатиялық, дәнекерлік және транзиттік мүмкіндіктеріне сеніп, осы құралдар арқылы өзінің халықаралық саясаттағы орнын күшейтпекші.

Түркияның табиғи қазба байлықтары мен энергетикалық қорларына келсек, елде темір, көмір, мыс, хром, уран, алтын сияқты минералдар бар. Сондай-ақ су энергетикасы мен геотермалды энергия да өндіріледі. Мұнай мен табиғи газ қорларына келсек, Түркияда өндірілетін газ бен мұнай көлемі елдің қажеттіліктерін мүлдем

қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан Түркия табиғи газ бен мұнайдың таза экспорттаушысы болып табылады. Соңғы жылдарда Түркияның Қара теңіз, Солтүстік Анатолия, Шығыс Тракия, Искендерун, Оңтүстік-Шығыс Анатолия аймағы сияқты жерлерде жаңа мұнай мен газ қорларының табылуы Түркияның сыртқы энергия көздеріне деген тәуелділігін едәуір азайтады деп күтілуде. Бірақ бұл жаңа қорлар да Түркияның қажеттіліктерін толық қамтамасыз ете алмасы анық.

Түркияға сырттан әкелінетін энергетиканың көлемі осы елдің барлық импортының бес-тен бір бөлігін (23-25%) құрайды. Яғни Түркия бюджетінің маңызды бөлігін табиғи газ, мұнай сияқты энергетиканы сырттан сатып алуға жұмсап отыр. Елде бір литр бір бензиннің бағасы 2 долларға жеткен. Сондықтан елде энергияны үнемдеу және балама қуат көздерін табу мәселелері өте өзекті. Елге импортталатын энергия көздерінің басым бөлігін табиғи газ құрайды. Бұл импорттың, яғни Түркияға тасымалданатын газдың көп бөлігін (2011 жылы 55%) Ресей газы құрап отыр. Иранға келсек, Түркияның газға деген қажеттіліктерінің 20% пайызын, ал мұнайға деген сұранысының 30-50% пайызын құрап отыр. Бірақ Түркия алдағы жылдарда Иран мен Ресейге энергетикалық тәуелділігін азайту үшін Қара теңіз аймағы, Каспий теңізі аймағы арқылы Түрікменстан, Әзірбайжан және Қазақстанның энергетикалық көздеріне қызығушылық танытып отыр.

Түркияның мұнай импорты (2009-2011)

Ел	2009, млн тон	Пайызы	2011, млн тон	Пайызы
Ресей	5.7	40	2.116.500	12
Иран	3.2	26	9.287.092	51
Ирак	1.7	12	3.071.477	17
Сауд Арабия	2	14	1.965.299	11
Италия			116.406	1
Қазақстан			1.185.556	7
Әзірбайжан			80.719	0
БАРЛЫҒЫ			18.077.703	100

Дерек: The Economic Policy Research Foundation of Turkey, TEPAV 2012

Түркияның мұрындық болуымен 2005 жылы дүние жүзінің екінші ең ұзын құбыры «Баку-Тбилис-Джейхан» құбыры ашыл-

ды. Бұл құбыр арқылы Каспийдің мұнайы Түркияның Джейхан порты арқылы Жерорта теңізінің нарықтарына жеткізіледі. Жоспарла-

ну үстіндегі «НАБУККО» жобасы да Түркия аймағы арқылы өтіп, Еуропаға Каспий табиғи газ байлықтарын жеткізуге бағытталған, бірақ демеушінің жоқтығынан әзірше тоқтап тұрған жоба. 2005 жылы іске қосылған «Көгілдір ағым» құбырлар жобасы Қара теңіз арқылы Ресейдің газын Түркияға жеткізеді. Ұзындығы 2,577 километр болатын «Табриз-Анкара» құбыры Иранның солтүстік-батысынан Түркияға табиғи газ жеткізеді. 2006 жылы келісілген «Солтүстік Кавказ» құбыры да «Иран-Түркия» құбырына жалғанып, жоспарлану үстіндегі «НАБУККО» құбырын толықтыратын болады. Алайда «НАБУККО» жайында нақты келісімдер жасалмады, қаржыландыру мәселесінде қарама-қайшы, алып қашпа әңгімелер айтылуда.

Түркияның экономикасы Еуропа Одағының экономикасымен тығыз байланысты болғандықтан, Еуропалық нарықта болған кез келген үлкен өзгеріс Түркияны айналып өтпейді. Мәселен, энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Еуропа мен Түркия Ресейдің табиғи газына энергетикалық тәуелділігін азайту мақсатында әртүрлі ортақ энергетикалық, логистикалық, тасымалдау жобаларын ойластыруға мәжбүр болып отыр. Атап айтар болсақ, TANAP, TAP, NABUCCO, Баку-Тбилис-Джейхан, Транскаспий құбыры, Керкук-Юмурталық сияқты жобалары арқылы Орталық Азия, Таяу Шығыс, Кавказ аймақтарының мол

энергетикалық қайнар көздерін Түркияның транзиттік дәліздері арқылы Еуропалық Одақ елдерінің нарығына жеткізу стратегиясы жүзеге асырылуда [3, 9].

Түркия – Еуропа Одағының INOGATE энергетикалық бағдарламасына мүше ел. Бұл бағдарлама энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Еуропаның энергетикалық нарықтарын одақтың энергетикалық саясатына сәйкестендіру, энергетиканы тұрақты дамыту, энергетикалық жобалар мен ортақ аймақтық мүдделерді ескеру сияқты төрт негізден тұрады. Түркияның жаңаланатын (балама) энергия көздері Еуропаның орташа көрсеткіштерінен екі есе артық. Түркияның жаңаланатын қуат көздері елдің энергетикалық қажеттіліктерінің 25-26 пайызын құрайды. 2023 жылға таман бұл көрсеткіш 30 пайызға жеткізілуі мүмкін.

Түркия өз экономикасының жоғары қарқынмен дамуын әрі қарай қамтамасыз ету үшін көп мөлшердегі энергетикалық қорларға мұқтаж болып отыр. Түркияның өз энергетикалық қорлары жергілікті ішкі сұраныстың тек 25-27%-ын ғана қамтамасыз етсе, қалған 73-75% Ресей, Иран, Ирак, Сауд Арабиясы, Әзірбайжан, Алжир, Нигерия, Қазақстан сияқты елдерден импортталатын энергетикалық көздер құрап отыр. Түркия өзі тұтынып отырған мұнай қорының 91%-ын сырттан импорттайды, ал табиғи газ қорының 98%-ын шетелден әкеледі [4, 12].

Түркияның табиғи газ импорты (2010-2011, БОТАШ компаниясы)

2010 жыл	Пайызы	Млрд текше метр	2011 жыл	Пайызы	Млрд текше метр
Ресей	45.5	14.5	Ресей	55.3	21.8
Иран	25.5	7.7	Иран	21	8.3
Әзірбайжан	14.5	4.5	Алжир	10.7	4.2
Алжир	12	3.9	Әзірбайжан	9.9	3.9
БАРЛЫҒЫ: 32.4 млрд текше метр			БАРЛЫҒЫ: 39.5 млрд текше метр		
Дерек: The Economic Policy Research Foundation of Turkey, TEPAV 2012					

Түркияның энергетикалық стратегиясының басты мақсаты елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Түркияның энергетикалық саясатын үш басты бағыт бойынша топшылауға болады. Біріншіден, Түркия ішкі энергетикалық ресурстарын, атап айтсақ, көмір, көмірсутек, жаңаланатын қуат көздері, су энергетикасы сияқты қайнар көздерді пайдалануды арттыру және жергілікті нарықты либералдандыру

арқылы энергетикалық ресурстарды импорттауға деген шектес тыс тәуелділігін азайтуға ниет танытып отыр. Бұл мақсатта энергетиканың тиімділігін арттыру көзделуде. Екіншіден, Түркия импортталатын энергетика көздерінің, оларды сатып алу жолдарының, сонымен қатар тасымал жолдарының әртараптандырылуын ойластыруда. Осы саясат арқылы энергетикаға кедей Түркия аймақтың басты тиімді транзит

еліне айналып, энергетика өндіретін Шығыс пен энергетиканы тұтынатын Батыстың арасында энергетикалық дәнекер болмақшы. Үшіншіден, жалпы энергетика қоржынында ядролық қуатты пайдалану деңгейін көтеру.

Түркияның энергетикалық стратегиясының басты мақсаты өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, Еуропаның да энергетикалық сұраныстарын қанағаттандыруға өз үлесін қосу. Түркияның қуат көздеріне деген қажеттіліктері жыл сайын 4-5%-ға артып келеді. Еуропада бұл көрсеткіш 1.6% шамасында. Түркия табиғи газ бен электр қуатына деген сұраныстарының артуы жөнінен дүние жүзінде Қытайдан (2011 жылы 22.6% – газ) кейінгі екінші орында тұр. 2007-2008 жылдары Түркия құрылыс жобаларының ауқымдылығы жағынан әлемде Қытайдан кейін екінші орында тұрғанын да айта кетейік. 2020 жылы Түркияның энергетикаға деген сұранысы жылына 4 пайызға өседі деп күтілуде. Сондықтан Түркия алдағы

15 жылда энергетика саласына 100 АҚШ доллар (жылына 6-8 млрд долл.) көлемінде инвестиция салмақшы [5, 2-3].

Түркия артып келе жатқан энергетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру және халқының өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында бірнеше ядролық қуат өндіретін зауыттар салуды қолға алуда. Осы кезге дейін эксперименталды реакторлар құрылысының аяқталуына қарамастан ядролық өндірістің қымбаттылығы мен қауіптілігі себепті жобалар кейінге қалдырылып келді. Түркияның Мерсин облысындағы Аккуйю ауданында, Синоп облысындағы Инджебурун ауданында, Кырларели облысындағы Ййнеада ауданында ядролық қуат өндіретін зауыттардың ашылуы көзделуде. Бұл мәселеде Анкара Ресеймен арнайы келісімге қол қойды. Сонымен қатар Түркия геотермалды қуат көзін пайдалану сапасы жөнінен дүние жүзінде бесінші орынды иемденеді [6, 12].

Түркияның табиғи газ импорттау құбырлары және олардың өткізу қуаты

Құбырдың аталуы	Бастауы	Компания-оператор	Күн.өтк.
«Көгілдір ағым»	Ресей	«ГазПром»	1.550
«Баку-Тбилиси-Ерзурум», қысқ. БТЕ	Әзірбайжан	«Солтүстік Кавказ Құбыры Консорциумы»	820
«Табриз-Доғубаязит»	Иран	«БОТАШ»	1.930
«Бұлғария-Түркия»	Болгария	«ГазПром»	2.000

Дерек: Center for Strategic and International Studies Report, 2012

Түркияның 2010-2014 жылдарға арналған энергетикалық стратегиясында бес стратегиялық маңызды мәселе қамтылған. Оларға энергетиканы жеткізудің қауіпсіздігі, энергетикалық тиімділік, қоршаған орта, табиғи ресурстар, корпоративтік даму жатады. Соңғы кезде түрік эксперттері арасында Түркия Ресейдің табиғи ресурстарына, әсіресе газына тәуелді қатты болып кетті деген ойлар жиі айтылып жүр. Түркия Ресейге деген энергетикалық тәуелділігін мүмкіндігінше төмендетудің амалдарын іздестіріп, оған күш жұмсауда. Ресейдің Түркияға жасайтын энергетикалық ықпалы тым артып кетсе, Анкара Мәскеуге тәуелді болып кетуі мүмкін. Сол үшін Анкара Түрікменстан, Әзірбайжан, Қазақстан, Ирақ сияқты Орта Азиялық, Кавказдық және Таяу Шығыстық нарықтарды игеру мақсатында күрделі жоспарларды қамтитын әртүрлі қосымша

энергетикалық жобаларды ойластыруға, жүзеге асыруға мәжбүр.

Түркияға энергетикалық рөліне қатысты «энергетикалық транзит дәлізі», «энергетикалық хаб», «энергетикалық орталық» сияқты күрделі сипаттамалар берілуде. Түркияның энергетикалық стратегиясы мен сыртқы саясаты «үлкен тәуекел – үлкен ұтыс» деген маркетингтік формула бойынша жұмыс істеуге бейім. Сондықтан Түркия әртүрлі қатерлерді болдырмау, көршілерімен жақсы қарым-қатынаста болу, энергетика мен транзитті тиімді пайдалану стратегияларын жүргізуде. Түркияның энергетикалық саясаты мемлекеттік стратегия, аймақтық ынтымақтастық және жеке сектордың қосынды күш-жігерінен құралады. Түркия энергетиканың жетіспеушілігі мәселесін ұтымды шеше алған жағдайда алдағы жылдары ең ықпалды халықаралық ойыншылардың біріне айналуы мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Türkiye Ekonomisinin On Yılı. SETA Siyaset, Ekonomi ve Toplum Araştırmaları Vakfı 04 Mart 2013. <http://setav.org/tr/turkiye-ekonomisinin-on-yili/haber/4530>
- 2 Yusuf Yazar. Türkiye'nin Enerjideki Durumu ve Geleceği. SETA Siyaset, Ekonomi ve Toplum Araştırmaları Vakfı, www.setav.org, Aralık 2010. – Sayı 31. – S. 24 .
- 3 Türkiye'nin Enerji Görünümü. TMMOB Makina Mühendisleri Odası, Oda Raporu, Nisan. – 2012. – 242 sayfa.
- 4 Dünyada ve Türkiye'de Enerji Görünümü. TC Enerji ve Tabii Kaynaklar Bakanlığı. 2012 .
- 5 Mert Bilgin. Energy and Turkey's foreign Policy: state strategy, Regional cooperation and Private sector involvement. Turkish Policy Quarterly. Volume 9 Number 2. 2011.
- 6 Tuncay Babalı. The Role of Energy in Turkey's Relations with Russia and İnan. The Economic Research Foundation of Turkey. Center for Strategic and İnternational Studies Report. – Ankara, 29 May 2012. – P. 15.

ӘОЖ 930

З.С. Таубалды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: tauba_z@mail.ru

Түркия мен Кипр мәселесі

Мақалада зерттеу нысаны ретінде алынған – Түркиямен Кипр мәселесі. Ширек ғасыр бойы Түркиямен Солтүстік Кипр арасындағы экономикалық келісім жасалып құжаттық бақылауға алынды. Ашық теңізге шығу мүмкіндігі жоқ Орталық Азияның маңы мемлекеттерінің сыртқы экономикалық қызметі көрші мемлекеттердің аумағы арқылы жүктерді тасымалдаудың мүмкіндіктері мен шарттары қарастырылады.

Түйін сөздер: сыртқы саясат, Еуропалық одақ.

З.С. Таубалды

Вопросы внешней политики между Кипром и Турцией

В данной статье раскрываются вопросы внешней политики между Кипром и Турцией.

Ключевые слова: внешняя политика, Евросоюз.

Z. Taubaldy

Questions of outward politics between Cyprus and Turkey

In given to the article will open questions of outward politics between Cyprus and Turkey.

Keywords: foreign policy, European Union.

Түркия, Түркия Республикасы (түрікше *Түркіе, Түркіе Цұмһүріеті*) – Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер көлемі жағынан 37-орын алады (783,562 км²). Жұрт саны – 72,600,000 адам. Тәуелсіздігін 1923 жылы алған. Осман империясының ыдырауының нәтижесінде пайда болды. Кіші Азия түбегінде орналасқан, оны Қара, Жерорта, Эгей мен Мәрмәр теңіздері жан-жақтан қоршайды. Шығыста Гүржістан, Әзірбайжан, Иран, Армениямен, ал батыста Бұлғаристанмен, Грекиямен, оңтүстікте Ирак және Сириямен шекаралас. Қазіргі уақытта Түркия үшін маңызды мән болатын сыртқы саяси бағыттарда, қиындықтар туып жатыр. Бірінші кезекте, бұл Кипрдің Американың Бірлескен Штаттармен және Еуропалық Одақ (дәлірек айтқанда,

күрдтердің институционализацияларының) қатынастарының мәселелері.

Түркия 1963 жылы 12 қыркүйекте Анкара келісімшартына қол қойды.

Бұл келісімшартқа байланысты Түркия конституциялық заңнамаларына кейбір маңызды өзгерістер енгізілді. Бір мүмкіндік 1970 жылдары туды.

Түркияның соңғы 2-3 айдың маңызды мәселесі дегенмен шешілген жоқ. Партия мүшелеріндегі күрд жұмысшыларын Оңтүстік Күрд территориясына орналастырғаннан еш өзгерістер бермеді. Бірақ соңғы жылдарда әскери-саяси кернеулік азайғаны байқалады. Түркиясаясатында екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кипрлік төрт мерзім болды: 1) Кипр Республикасындағы сайлануға дейінгі 1960 ж.;

2) 1960 жылдан бастап 1963-1964 жылдардағы дағдарысына дейін; 3) 1965-1974 жж. 4) 1974 жылдан қазіргі уақытқа дейін.

XII ғасырдың соңында Кіші Азия түбегіне Орта Азиядан оғыз тайпаларынан бөлінген көшпенді селжүк тайпалары кірді. Сол кездегі ірі, қуатты Византия империясы да оларға тойтарыс бере алмады. 1071 жылы Манцикерт (түрікше Маназкерт) маңындағы шайқаста селжүктер византиялықтарды күйретті. Нәтижесінде селжүктер олардың Кіші Азиядағы, Сүрия мен Палестинадағы иеліктерді тартып алды.

Бірақ та Ирак, Иран, Сүрия, Палестина, Кіші Азияны қамтыған Селжүк империясы біраздан кейін бірнеше бөлікке бөлінді. Оның Кіші Азиядағы бөлігі өзін Конья сұлтандығы деп жариялады оның астанасы Конья (бұрынғы Иконий) қаласында болды. Крестшілердің жорықтарына, Кіші Азия мен Қиыр Шығыстың корольдіктеріне (Антиохия, Кіші Армения, т.б.) тойтарыс бере алған Конья сұлтандығын 1318 жылда Хулагу хандығы құлатты.

Соған дейін XIII ғасырдың басында, Шыңғысханның және оның ұрпақтарының шабуылдарынан құтылып, Хорасаннан Сүлеймен ханның басшылығымен оғыздар Эрменстанға, одан кейін, оның баласы Ертоғырыл ханның кезінде Кіші Азияға көшіп кетті де, Кония сұлтаны Ала-эд-дин Византиямен соғыста көмектесті, сондықтан ол оғыздарға Ангора (Анкара) мен Брусса (Бурса) қалаларының арасындағы жерлерді берді.

Ертоғырылдың баласы Осман бей Византиямен күресте оның Кіші Азиядағы көптеген жерлерін тартып алды. Содан кейін 1299 жылы Осман Кония сұлтандығынан тәуелсіздігін жариялап, Осман мемлекетін құрды.

Босфор бұғазы үстінде салынған көпір Азия мен Еуропа материктерін жалғастырып тұр. Көпір 1973 жылы қазан айының 30-да Түрік Республикасының 50 жылдық құрметіне ашылған. Ұзындығы – 1074 м, биіктігі – 64 м. Оның құрылысында түріктермен қатар ағылшындар, немістер, жапондықтар еңбек етті. Қазір бұл көпір жаңа Түркияның символы сияқты. Босфор бұғазының жарлауытты жағалауларында Түркияның үлкен ірі портты қаласы Ыстамбұл орналасқан. Ертеде Ыстамбұл Шығыс Рим империясының (Византияның) елордасы болған. Қала ол кезде Константинополь деп аталатын, 1453 жылы қаланы түріктер басып

алып, жаңадан Ыстамбұл деп атаған. Генерал Мұстафа Кәмәл Ататүріктің басқаруымен түрік халқының ұлт-азаттық көтерілісі нәтижесінде (1918-1923 жж.) 1923 жылы қазанның 29-да Түркия Республикасы құрылып, Түркия Республикасының тұңғыш президенті болып Мұстафа Кәмәл Ататүрік сайланды.

Кипр аралы ұзақ уақыт бойы Рим, Византия империяларына, Венецияға бағынды. 400 жылдай Осман сұлтандығының құрамында болды. 1878 жылдан Ұлыбританияның отарына айналып, 1959 жылғы Цюрих және Лондон келісімдеріне сәйкес, тәуелсіздікке ие болды (1960). Оның территориялық тұтастығына Ұлыбритания, Түркия, Грекия үкіметтері кепілдік берді. Түркия мен Грекия аралда өздерінің шектеулі Қарулы Күштерін ұстауға құқылы болды әрі Ұлыбритания үкіметі аралдан 99 миль жерді өзіне сақтап қалып, онда 2 ірі әскери база (Данелия және Акротири) ұстады. Арал тұрғындары тәуелсіздік алғанымен, екі ірі этникалық топ – гректер мен түріктердің арасында үнемі әскери қақтығыстар болып тұрды. 1974 жылы шілде айында аралдағы грек әскерлері Грекия үкіметінің қолдауына сүйене отырып, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырып, Кипрді Грекияға қосуға әрекет жасады. Бұған жауап ретінде Түркия үкіметі жергілікті түріктердің сұрауы бойынша, аралға әскер кіргізіп, ел аумағының 37%-ын басып алды. Нәтижесінде гректер мен түріктер бір-бірінен түпкілікті бөлініп, 1974-1975 жылдары аралдың грек тұрғындары елдің оңтүстігіне, ал түріктер солтүстігіне жиналды. Этникалық қақтығыстарды болдырмау және екі жақты татуластыру мақсатында 1964 жылдан бері аралда БҰҰ-ның арнайы әскерлері тұрады әрі мұнда БҰҰ Бас хатшысының Кипр мәселесі бойынша төтенше өкілдігі орналасқан. Кипр – БҰҰ (1960), Еуропа Кеңесі (1964) және Британ Достастығының мүшесі. 1972 жылдан Еуропалық одаққа қауымдасқан мүше. 1987 ж. осы ұйыммен кедендік одақ құру жөнінде арнайы хаттамаға кол қойды, ал 1998 жылдан бері толық мүшелікке өту жөнінде келіссөздер жүргізуде. Елдің басты сауда серіктестері: Батыс Еуропа мемлекеттері мен араб елдері. Аралдың түрік тұрғындары 1989 жылы 15 қарашада Солтүстік Кипр Түрік Республикасының құрылғанын ресми түрде жариялады. Ел президенті болып Р. Денкташ сайланған (1995 ж. қайта сайланды). Қазіргі күні Солтүстік Кипр Түрік Респу-

бликасы әскери-қаржылық жағынан Түркия үкіметіне сүйеніп отыр. 1983 жылдан елде түрік ақшасы (лира) жүреді. 1983 жылы Түркия мен Солтүстік Кипр Түрік Республикасы арасында экономикалық келісім жасалып, 1990 жылы құжаттық бақылау алынып тасталды. 1997 ж. 20 маусымда осы екі ел басшылары экономикалық, қаржылық және ішінара қауіпсіздік, қорғаныс, сыртқы саясат салалары бойынша интеграциялану жөнінде бірлескен декларация қабылдады.

Мұнда емендер, кипаристер, алеппо қарағайлары өседі. Аралда тұрақты өзендер жоқ. Қой, ешкі және шошқа жайылатын жайылымдар құрлық ауданының 10%-ын алып жатыр. Басты ауыл шаруашылығы дақылдарына бидай, картоп, темекі, бадам мен кипр шарап жасаушылары пайдаланатын жүзім жатады. Аралда жылдық орташа температурасы 20,5°C болатын жылы жерортатеңіздік климат орныққан. Троодостың кейбір жерлерінде 1050 мм-ге дейінгі мөлшерде жауын-шашын түскенімен, орташа жылдық деңгейі 500 мм-ден аспайды.

Кипр ежелгі Эгей мәдениеті орталықтарының бірі болды. Ол әр түрлі уақытта әр түрлі мемлекеттердің қарамағында болды. Б.з. 395 жылынан бастап ол Византия империясының құрамына кірді. Кейінірек оны арабтар мен кресшілер жаулап алды. 1571-1878 жылдары оған Осман империясы қожалық етті. 1878-1959 жылдары Кипр Ұлыбританияның отары болды. Халықтың 78%-ға жуығын кипрлік гректер, 18%-ға жуығын түріктер құрайды.

Кипр Ұлыбританиядан өз тәуелсіздігін 1960 жылы алды. Алайда 1963 жылы кипрлік гректер мен түріктердің арасында қарулы қақтығыстар болып өтті.

Ал 1974 жылы Түркия аралға баса-көктеп кіріп, оның үштен бірін құрайтын солтүстігіне бақылау орнатып, 1983 жылы "Солтүстік Кипр Түрік республикасын" құрды. Бірақ бұл республиканы дүниежүзілік қауымдастық таныған жоқ.

Кипр бөлшектенген күйінде қалып отыр, онда 1964 жылдан бастап БҰҰ-ның бейбітшілік сақтаудың тұрақты күштері орналасқан. Кипрдің өнеркәсіптік орталықтарының басым бөлігі түрік аумағында орналасқанмен, әсіресе туризмнің арқасында экономика аралдың оңтүстігінде дамуда. 2000 жылы аралда 2,7 млн-дай адам демалды.

1974 жылы Түркия аралға баса-көктеп кіріп, оның үштен бірін құрайтын солтүстігіне бақылау

орнатып, 1983 жылы "Солтүстік Кипр Түрік республикасын" құрды. Бірақ бұл республиканы дүниежүзілік қауымдастық таныған жоқ. Кипрдің мәселесі – Түркияның Евроодақта толық құқылық мүшесі болу үдерісінде ең үлкен бөгеттердің бірі болып табылады. Жаңағы кипрлік мәселе түріктің әскері аралдың солтүстік бөлігін басып алған кезде 1974 жылы пайда болды.

Аталған республика Анкарамен ғана мойындалды, ал аралдың оңтүстік бөлігінде болатын Кипр республикасы, (Түркиядан басқа) әлемдегі барлық елдермен тек мойындап қана қоймай сонымен қоса Еуроодақ мүшесіне 2004 жылдың мамырында кірді.

30 жылдан астам уақыт ішінде Кипрдің мәселесі Түркияның сыртқы саясатының басым мәселесінің бірі болып табылады. Анкараның ең басты мәселелерінің бірі – солтүстік Кипрді халықаралық мойындау. Вашингтон аралында «Суық соғыс» кезінде түрік әскерінің қатынасуы Совет өкіметіне және оның одақтастарына қосымша қысым көрсету ретінде қарастырылды. Осылайша, АҚШ-тың Түркияны қолдауы түсіндірілді. Алайда совет өкіметінен кейін жағдай түбегейлі өзгерді. Түркия НАТО-ның құрамында өзінің елеулілігін озық ретінде жоғалтты. Бұл да Кипр мәселесіне қатысты. Таяу Шығысқа қарай көңіл бөле бастағанда, Түркияның және Кипрдің геостратегиялық айқындамалары тағы антилаңкестік соғыс шегінде белгілене бастады. Баку-Тбилиси-Жейхан құрылыс және мұнайды іскекосуы – Кипрдің, әсіресе солтүстік бөлігі – енді осы кезде қауіпсіздік жүйесінің мұнай ресурстарының аудару жолдарының ең маңызды құралының бірі ретінде елеулілігін көбейтті. Бұл уақытта Грекия әрекетсіз отырған жоқ. 1995 жылы Түркия ЕО Кедендік Одақ жайлы айтқанда Грекия Түркияның қозғалыстарын тоқтату жайлы өзінің құқығын пайдалана алды, бірақ Афиндер оны жасамады, себебі ЕО мүшелерінің келісімі бойынша Еуро Одақ мүшесі болу жайында Кипр Республикасымен келісім сөздер үрдісін бастады. Оның нәтижесінде, Кипрдің грек бөлігі ғана 2004 ж. мамыр айында ЕО толыққанды мүшесі болатын, сол үш елдің қатарына енді. Кипр Республикасы Түркияны озып Грекиямен бірге Түркияға қатысты кез келген сұрақты теоретикалық жағынан қарастыра алды.

Түркия мен АҚШ арасындағы стратегиялық байланыстың нығаюына қарсы Ресей мен Иран

бірге қимылдай бастады. Өйткені Вашингтон мен Анкараның тым жақындап кетуін Ресей де, Иран да жөн көрмейді. Осы түйін Түркияның аймаққа, әсіресе Иранға бағытталған сыртқы саясаты мен бейнесін тұйыққа итермелеуі мүмкін. Түркияның барлық салада жақсы байланыстары болған Иранмен арасында туылатын мәселелер Түркияның әрі экономика, энергия және қауіпсіздік мүддесіне, әрі Орташығыс, Кавказ және Орталық Азиядағы саясаты мен мүддесіне зиян тигізеді. Сонымен бірге Түркияның Еуроодақ, Ресей және Ислам елдерімен байланыстарын бұзады.

Бірақ Мәскеу мен Тегеран арасындағы қарым-қатынас қажеттіліктен туындаса да, бір-біріне деген сенімділік жоқ. «Сірә, екі ел ядролық саладағы ынтымақтастығы мен энергетикалық саладағы байланыстарын АҚШ-Түркия альянсына қарсы тетік ретінде дамытып жатқан сияқты» дейді ұйым қыркүйектің 14-і күні жариялаған сараптамасында.

Көптеген кедергіден соң, Ресейде құрастырылған Бушер атом энергиясы станциясы қыркүйектің 12-сі күні Ресейдің энергетика министрі Сергей Шматко мен мемлекеттік атом энергиясы компаниясының басшысы Сергей Кириенко қатысқан салтанатты шарада ресми түрде ашылды.

Екі ел арасындағы қарым-қатынас бір-біріне деген өзара тәуелділікке құрылған. Иран Бушер зауытына сараптама жасату үшін, арнайы мамандар үшін Ресейге тәуелді болса, ал ресейлік «Газпром» Иранның мақұлдауынсыз Азар кенішінің дамуына өз бетінше техникалық сараптама жүргізе алмайды. Ұйымның жазуынша, Ресей түбінде өзіне қауіп төндіретін Иранның қуаты артқанына аса мүдделі болмаса да, Тегеранмен байланысын Батысқа қарсы салмақ ретінде тұрақты пайдаланып келеді. Ал Иран Ресейді, сыртқы қауіпке қарсы күресте елеулі көмек бере алмаса да, өзінің жалғыз басты қамқоршысы санайды.

Әдебиеттер

- 1 Кипр (справочник). – М., 1969.
- 2 Международные отношения Ближнем и Среднем Востоке. – М., 1975.
- 3 Рюэль Л. Турция: трудности и поиски// За рубежом. 11-17,1972.
- 4 Уразова Е.И. Проблемы промышленного развития и иностранный капитал, – Проблемы современной Турции. – М., 1963.
- 5 Токаев К. К. Под стягом независимости: Очерки о договоре, о дружбе и сотрудничестве между Республикой Казахстан. – Алматы, 2005.
- 6 Совместная Декларация о дальнейшем развитии и углублении сотрудничества.

ӘОЖ 327 (574+510)

А.Ж. Тоқмұрзаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: aqbota_zh@mail.ru

Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы және оның халықаралық маңызы

Мақалада 2001 жылғы күрделі халықаралық жағдай аясындағы Орталық Азияның бес мемлекеті, Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасының Шанхай ынтымақтастық ұйымын құруы мен оның маңызды мәселелері ғылыми зерттеудің нысаны ретінде алынған. Еуразиялық кеңістікте Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді қуатты ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің құрылуына ғаламдық және аймақтық деңгейдегі бірқатар маңызды факторлар ықпал етті. Мақалада осы мәселенің ең маңызды аспектілері ғылыми тұрғыдан талдауға алынып, іргелі деректер мен зерттеу еңбектері негізінде терең қарастырылды.

Түйін сөздер: ұйым, халықаралық қатынастар, қауіпсіздік, терроризм, сепаратизм, экстремизм, ынтымақтастық.

А.Ж. Тоқмурзаева

Образование Шанхайской организации сотрудничества и ее международное значение

В данной статье рассматриваются и анализируются процессы образования Шанхайской организации сотрудничества и ее международно-политическое значение.

Ключевые слова: организация, международные отношения, безопасность, терроризм, сепаратизм, экстремизм, сотрудничество.

A.Zh. Tokmurzaeva

Formation of the Shanghai Cooperation Organization and its international importance

This article discusses and analyze the processes of formation of the Shanghai Cooperation Organization and its international political significance.

Keywords: organization, international relations, security, terrorism, extremism, separatism, cooperation.

2001 жылы 15 маусымда Шанхайда Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан басшыларының қатысуымен Шанхай бестігінің кезекті кездесуі өтті. Осы форумның жұмысына тұңғыш рет Өзбекстан Республикасы да қатысты. Форумға қатысушы мемлекеттер «Шанхай бестігінің» бес жылдық қызметін оң бағалай келе, 1996 жылғы Шанхай, 1997 жылғы Мәскеу, 1998 жылғы Алматы, 1999 жылғы Бішкек және 2000 жылғы Душенбедегі аталған мемлекеттердің жоғары деңгейдегі

кездесулерінен жинақталған тәжірибені басшылыққа ала келе, сонымен қатар саяси процестердің көпполярлығын, экономикалық және ақпараттық жаһандандудың одан әрі жалғасуын атап өте келе «Шанхай бестігіне» мүше-мемлекеттер, сондай-ақ Өзбекстан ұйымды жаңа ғаламдық қауіп-қатерлер мен үндеулерге жаңаша қарсы тұруға, жаңаша жауап беруге қабілетті ету мақсатында «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құратындықтары туралы салтанатты түрде жария етті [1, 496].

Форум жаңа ұйымның мақсаттары мен принциптерін, Жарғысын қабылдады. Басты құжатта ұйымның мақсаттары төмендегідей болып белгіленді: қатысушы-мемлекеттер арасындағы өзара сенімділікті, достастық пен ынтымақтастықты нығайту; олардың арасында саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени, білім, энергетикалық, көлік, байланыс, экология және тағы басқа салаларда ынтымақтастықты дамыту; аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті, бейбітшілікті, жаңа демократиялық, әділетті, саяси және экономикалық жағынан рационалды сипаттағы халықаралық тәртіпті қалыптастыруға және қамтамасыз етуде бірігіп қимыл жасау.

Декларацияда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы мемлекеттердің тәуелсіздігін, территориялық тұтастығын құрметтеу; теңдік және өзара тиімді байланыстар орнату; барлық даулы мәселелерді, жанжалдарды тек бейбіт жолмен шешу; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; күш көрсету мен әскери қауіпті төндіру факторын дипломатиялық әдіс ретінде қолданудан бас тарту секілді Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында көрсетілген мақсаттар мен принциптерді бұлжытпай орындауға салтанатты түрде уәде берді.

Мемлекет басшылары Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы басқа мемлекеттерге және аймақтарға қарсы бағытталған одақ емес, ол барлық халықаралық және аймақтық деңгейдегі ұйымдармен, одақтармен, өркениеттермен, мемлекеттермен ашық негізде саяси диалог пен ынтымақтастықты орнатуға әрқашан дайын, сонымен қатар консенсус негізінде ұйымның қатарына жаңа мүшелерді қабылдауға ниетті деп жариялады.

Форумға қатысушы мемлекет басшылары 2001 жылғы 11 қыркүйектегі әйгілі қыркүйек оқиғасынан үш ай бұрын «үш зұлымдықпен», яғни «Терроризм, сепаратизм және экстремизммен» күресу туралы Шанхай конвенциясын қабылдады [2, 528]. Бұл құрлықтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен радикалды тенденцияларға қарсы күресудегі жаңаша қадам еді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен принциптерінің, ең алдымен, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достастық байланыстарын

дамыту туралы шарттарын басшылыққа ала отырып терроризм, сепаратизм және экстремизм халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке, мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен достастық қарым-қатынастарының дамуына, сондай-ақ адам құқықтары мен еркіндіктерін қамтамасыз етуге үлкен қауіп-қатер төндіретіндігін мойындай келе және де Шанхай бестігінің 1998 жылғы Алматы декларациясын, 1999 жылғы Бішкек декларациясын, 2000 жылғы Душанбе декларациясын, сонымен бірге 2001 жылғы 15 маусымдағы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы декларацияны ескере келе осы конвенцияны қабылдайды делінді құжатта [3, 528-529].

Алты мемлекеттің басшылары Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымына қатысушы мемлекеттердің өзара тиімді ынтымақтастығының орасан зор әлеуетін және ауқымы кең мүмкіндіктерін сауда-экономикалық, екі жақты және көп жақты негізде аймақта ынтымақтастықты одан әрі дамытуға жәрдемдесуге ниеттеніп отыр деп мәлімдеді.

Саммитте сөз алған Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жағының Шанхай ынтымақтастық ұйымына қатысты берілетін басымдықтарын төмендегідей атап өтті:

– аймақтағы терроризмнің таралуы, экстремизмнің өршуі, наркобизнесінің өркендеуі, заңсыз миграцияның белең алуы, заңсыз, контрабандылық жолдармен қару-жарақ сатудың дамуы секілді бірінші кезектегі проблемаларды ескере отырып аймақтың тұрақтылығын және мүше-мемлекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– транспорттық-коммуникациялық жобаларды (темір жол, құбыр желістері, теңіз, өзен, автомобиль жолдары) жүзеге асыру, сауда-саттық саласындағы ынтымақтастықты дамыту, ұсақ және орта бизнесті дамытуға қолайлы жағдайды қалыптастыру;

– экологиялық саладағы өзара байланыстарды дамыту, әсіресе шекара маңындағы өңірлерде;

– аймақтық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу, әсіресе трансшекаралық, миграция, диаспора мәселелері бойынша;

– өзге де құрылымдармен оптималды түрдегі өзара байланыстарды дамыту форматын белгілеп, қалыптастыру [4, 5-7].

Қытай Халық Республикасымен ортақ шекарасы жоқ Өзбекстан Республикасы Шанхай

«Концепт» терминінің теориялық негіздері Д.С. Лихачев, П.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Рябцева, В.А. Маслова, А.Я. Гуревич, А. Вежбицкаяның еңбектерінде әртүрлі қырынан қарастырылды.

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

Концептіні лингвистикалық тұрғыдан қарастыруды дұрыс деп санайтын зерттеушілер (С.А. Аскольдов, Д.С. Лихачев, В.В. Колесов, В.Н. Телия) концептіні сөздің коннотативті элементтерімен қоса алғандағы барлық мағыналық әлеуеті, концепт сөздің кез келген мағынасында өмір сүреді деп қарайды.

Концептіні көптеген зерттеушілер бір тілде сөйлеушілерге ортақ концептуалдық ойлау жүйесі, «менталдылықтың негізгі бірлігі», «мәдениеттің кілт сөздері», «ұлттық колориті», «ойлау мен қарым-қатынас құралы ретіндегі тілдің символдық-мағыналық қызметі арқылы көрінетін неғұрлым мүмкін мағыналар» ретінде қарап, бір сөзбен концепт дегеніміз мазмұндық формасында әрі символ, әрі бейне, әрі ұғым деп көрсетеді.

Концептінің мәнін когнитивтік тұрғыда қарастыруды ұсынатын зерттеушілер (З.Д. Попова, И.А. Стернин, сондай-ақ «Краткий словарь когнитивных терминов» сөздігінің авторлары С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г.

Панкрац концептіні менталды ойлаудың бірлігі ретінде қарастырады. З.Д. Попова, И.А. Стернин концептіні «ауқымды ойлаудың бірлігі» ретінде қарастыра келіп, концептінің тілдегі фразеологизмдерге, сөз тіркестеріне, сөйлемдерге, мәтіндерге, мәтіндер байланыстылығына талдау арқылы жан-жақты ашылып түсіндірілетінін жазады [1, 35]. Концептінің тілдік көрінісін талдау арқылы тілді тұтынушының санасындағы концепт мазмұнын тани аламыз.

Үшінші бағытты ұстанушылар концептінің мәдениеттанымдық аспектісіне ерекше мән береді. Концепт олардың анықтауынша, адамның ментальды ойлау дүниесіндегі «мәдениеттің негізгі ұясы» ретінде түсіндіріледі. Концептіні түрлі қырынан қарастыру барысында сол концепт арқылы берілетін мәдени ақпараттың мазмұнына ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Осы бағыттың өкілі Ю.С. Степанов концептіні мәдениеттің микромоделі ретінде қарастырады. Оның түсіндіруінше, «мәдениеттің ұйытқысы» бола отырып, концепт экстралингвистикалық, прагматикалық, яғни тілден тыс ақпараттарды білдіреді.

Ғалым Э.Д. Сүлейменованың пікірі бойынша, ғаламның тілдік бейнесі, көбінесе, «түрлі дүниетаным мәселесі ретінде қаралады. Бүгінгі таңда ғаламның тілдік бейнесі ұғымында екі түрлі сипат бар. Оның біріншісінің нақты тілдерге және олардың арасындағы айырмашылықтарға қатысы жоқ болса, екіншісі нақты ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан лексикалық аталымдар жүйесі тәрізді тілдер арасындағы айырмашылықтарға бағыт-бағдар жасаушы ғаламның тілдік бейнесімен байланысты» [2, 39].

Автордың пайымдауынша, ғаламның тілдік бейнесі негізгі екі қызмет арқылы айқындалады: 1) ғаламның негізгі бейнесін негізгі элементтер білдіреді; 2) тілдік тәсілдердің көмегімен ғаламның ғылыми бейнесі түсіндіріледі.

Ғалым А. Ислам концептіге мынадай анықтама береді: «Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым» [3, 213].

Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында Э.Д. Сүлейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Г.Г. Гиздатов, Ж. Манке-

ева, Қ. Жаманбаева, Г. Смағұлова, Б. Хасанов, Б. Қасым, А. Ислам еңбектерінің маңызы зор.

Мәдени концепт – ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы ақпарат. Э. Оразалиева бұл мәселе туралы мынадай пікір білдіреді: «Мәдени концепті когнитивті концепті сөзінің беретін мәнінен өзгеше. Мәдени концепт – лингвомәдени таным бірлігі, онда ұлттық мәдениет көріністерінің жиынтығы бейнеленеді» [4, 135].

«Концепт» терминіне әртүрлі анықтама беру және түсіндіру, оның екі жақтылығын көрсетеді: біріншіден, тілдік таңба ретінде (лингвистикалық, мәдени және лингвомәдени бағыттар), екіншіден, ментальдықты көрсететін тілдің мазмұндық жағы (когнитивтік бағыт). Бұл бағыттар бірін-бірі жоққа шығармайды, қайта бір-бірімен тығыз байланыста болып, концепт менталды құрылым ретінде адам санасында социумның концептосфераға, одан кейін мәдениетке шығуы болып табылады. Концепт – мәдениеттің ажырамас бірлігі ретінде ұжымдық тәжірибенің нәтижесі.

Енді екінші топтағы зерттеулерге қайта оралсақ, ол зерттеулер концепт болғанда, қазақ этносының санасында материалдық объектілерді көрсететін, образды-ассоциативті жоғары деңгейде бағаланған «қамшы», «домбыра», «атамекен», «ұрпақ» сияқты концептер, сонымен қатар ұлттық діліміздегі адами қасиеттерді көрсететін «намыс», «сабырлық», «қанағаттық», «ағайындық», тағы сол сияқты концептерді зерттеген жұмыстар.

3. Концептерге талдау жасаған зерттеулердің үшінші тобына құрылымы әртүрлі екі немесе одан да көп тілдердің концептерін салғастырған жұмыстарды жатқыздық.

Ғалым З.Қ. Ахметжанованың пайымдауынша, салғастырмалы концептология Кеңес заманында етек жайған салғастырмалы тіл білімінің жалғасы іспеттес. Зерттеуші бұл топтағы зерттеуге қазақ, ұйғыр, араб, корей тілдеріндегі «әйел» концептісінің, сондай-ақ, қазақ және француз тілдеріндегі «өзім»-«өзге» концептерінің ерекшеліктерін көрсеткен зерттеуді атайды.

Зерттеушілер универсал концептілердің қатарында «Шындық», «Заң», «Сүйіспеншілік», «Сөз», «Жан дүние», «Күнә», «Ғылым», «От пен су», «Сан», «Уақыт», «Туған жер», «Тіл» дегендерді көрсетеді. А.В.Вейбицкая орыс мәдениетінде тек үш ғана концепт бар деп

көрсетеді; олар: «Тағдыр», «Қайғы» және «Ерік» (А. Вейбицкая). Ал Е. Кубрякова «Краткий словарь когнитивных терминов» деген лексикографиялық еңбекте А. Вейбицкая айтатын концептілер – бастапқы концептілер; басқалары осылардан туындайды дейді [8, 90]. В. Маслова: «Наши наблюдения показывают, что число концептов превышает несколько сот» [9, 49]. Сонымен қатар ұлттық концептілердің санының қанша екендігін анықтау мүмкін емес дегенді де кездестіреміз.

Әрбір халықтың тіліндегі концептілердің санын шамалап көрсетудің мүмкін болмайтындығының себептерін зерттеушілер былайша қорытады:

– бұл, біріншіден, когнитивті лингвистиканың әлі жас ғылым, зерттелетін жақтарының әлі де бар екендігіне байланысты;

– әрбір халықтың концептілер жүйесінің салыстырмалы түрде және аударматану ғылымының әдістерімен қарастырылмағаны себепкер.

4. Төртінші топқа енген зерттеулер көп емес. Ол зерттеулердің теориялық мәні басым, өйткені олар концептілерді зерттеудің әдіснамалық негізін, вербальды емес қатынастағы және аударматанудағы көкейкесті мәселелерді қарастыруға септігін тигізеді.

Қазақ тілін когнитивтік зерттеуге арнаған алғашқы жұмыстардың бірі ретінде Қ.Ә. Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясын атауға болады. Бұл жұмыста тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, мұң концептісі, т.б. когнитивтік мәселелер қарастырылған [7, 156].

Профессор Ж. Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты мақаласында М. Бирвиш, Хомский, Лакофф, Коок, Г.В. Колшанский, Ю.Д. Апресян және тағы басқалардың есімдерімен байланысты когнитивтік лингвистиканың пайда болуы мен дамуына қысқаша шолу жасалады [6, 40].

Бұл топтағы іргелі зерттеу деп С.Е. Исабековтің «Когнитивтік лингвистиканың негіздері» атты сүбелі зерттеуін жатқызамыз. Өз монографиясында ғалым қазіргі когнитивтік лингвистиканың екі бағытын көрсетеді:

1. Ментальды-информациялық немесе америкалық-батысеуропалық бағыт.

2. Этномәдени немесе мәскеулік бағыт [10, 376].

Ментальды-информациялық және этномәдени бағыттағы когнитивтік лингвистиканың қарастыратын өзекті мәселесі: адам және адамзат тілі. Алайда бұл екі бағыттың ол мәселеге көзқарасы әртүрлі.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада:

1) адам қандай да бір этносқа, мәдениетке қатыссыз ақпаратты қабылдаудың, сақтаудың және тасымалдаудың белгілі бір жүйесі ретінде қабылданады,

2) тіл – ментальдық ерекшелік, яғни адамдық когницияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистикада нақты, жеке ұлттық тіл емес жалпы адамзат тілі сөз болады.

Жоғарыдағы екі бағыттың тағы бір ерекшелігі – олар әртүрлі когнитивтік құбылыстарды және мәселелерді қарастырады, оларды әрқалай түсіне отырып, алдарына әртүрлі зерттеу міндеттерін қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистика көбіне зерделейтін ұғымдары: когниция, когнитивтік жүйе, адамның психикасы, адам когнициясының құрылымы мен қызметі, адам организмінде болатын физиологиялық, психологиялық, когнитивтік процестер, білім, өзін-өзі тану, адамның танымдық қызметі, адамзат тілі, т.б.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеті ретінде адам когнициясының негізі – миды, нейрондық жүйені, жадыны, жалпы тілдік

танымды, ақпаратты өңдеудің құрылымын қояды.

Ментальды-информациялық бағыттағы когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі – «репрезентация». Табиғаты жағынан бұл ұғым да ментальды терминімен барабар. Шын мәнісінде адамның миы, адамның танымы ментальды. Ментальды-информациялық бағытта бірінші орында ментальдылық және концептуалдылық тұрады. Бұл әрбір тілдің артында концепт, концептуалдық құрылым тұратынын көрсетеді және когнитивтік лингвистиканың басты мақсаты – концептілердің формасы мен құрылымын, жасалу заңдылықтарын ашу және көрсету деп Серік Ергалиевич екі бағыттың ерекшелігін саралап, жіктеп, ерекшеліктері мен өзгешеліктерін зерделеп көрсетеді.

5. Бесінші топқа ғалым белгілі ғалым З.Қ. Ахметжанованың ұлттық концептологиялық когнитивтік зерттеулерін жатқызамыз. Зерттеуші Қазақстандағы концептологиялық зерттеулерді шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастырады да «намыс», «тіл», «ағайын», «сөз», «бақыт» сияқты ұлттық концептілерді жан-жақты зерттейді [11, 56]. З.Қ. Ахметжанова Қазақстандағы ұлттық концептологияның негізін салушы.

Қорыта айтқанда, когнитивтік лингвистикада бәріне бірдей ортақ мәселе «ақыл – ой – тіл – репрезентациялау – концептуализациялау – категоризациялау – қабылдау» ұғымдарының когнитивтік шынжырдағы өзара қарым-қатынасын анықтау мәселесі болып отыр [12, 126]. Қазақстандағы когнитивтік лингвистиканың бағдары этномәдени немесе мәскеулік бағыттан өріс алған деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г., Краткий словарь когнитивных терминов / Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука, 1996. – 340 с.
- 2 Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
- 3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингво-мәдени сараптама): филол.ғыл.док. дисс. – Алматы, 2004. -228 б.
- 4 Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. – Алматы, 2005.
- 5 Гиздатов Г. Типология и динамика когнитивных моделей в речевой деятельности дисс.док филол наук. – Алматы, 1999. 250 с.
- 6 Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

- 7 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – Алматы, 2001. – № 4. – 39-43-б.
- 8 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва, 1996.
- 9 Маслова В.А. Лингвокультурология /– М.: Академия, 2001. – 208 с.
- 10 Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. – Астана, 2010. – 390 с.
- 11 Ахметжанова З.Қ. Очерки по национальной концептологии. – Алматы: Изд.: «Елтаным», 2012. – 146 с.
- 12 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: Тетра Системе, 2004. – 225 с.

ӘОЖ 81:372.881

Е.Қ. Қасабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: arabkaznu@mail.ru

Иран Ислам Республикасындағы парсы тілін оқыту әдістері: артықшылықтары мен кемшіліктері

Бұл мақалада Иран Ислам Республикасының парсы тілін оқытудағы әдістері мен мүмкіндіктері туралы айтылады, мақаланы жазудағы басты мақсатымыз қазақ тілді және парсы тілін оқытатын оқытушылар мен студенттердің танымдық қорына мәліметтер қосу.

Түйін сөздер: әдістеме, парсы тілі, артықшылықтары, кемшіліктері.

Е.К. Касабекова

Методика преподавания персидского языка в ИРИ: преимущества и минусы

В статье рассматриваются возможности изучения персидского языка и его роль для обучающихся. А так же предусматриваются минусы изучения персидского языка.

Ключевые слова: методика преподавания, персидский язык, преимущества, минусы.

E.K. Kassabekova

Technique of teaching of Persian language in Islamic Republic of Iran: advantages and disadvantages

Article consider opportunities of studying Persian language and it's role for students.

Keywords: technique, teaching, Persian language, advantages and disadvantages.

Иран Ислам Республикасында парсы тілін оқытудың әдістері әлдеқашан жақсы жолға қойылған. Олай деп айтатын себебіміз, шығыстану факультетінің парсы бөлімі студенттері 2001 жылға дейін Иран Ислам Республикасына тілдік стажировкаға 6 айдан 1 жылға дейін тегін барып, ирандықтардың тарапынан оларға қосымша степендия төленіп, жатақханамен қамтамасыз етілетін және топтағы барлық студенттер осы мүмкіндікке ие болатын. Осы тұрғыда әңгіме қозғасақ, ирандықтар тарапынан демалыс күндері мен мейрам күндері де тегін саяхат сияқты іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл саяхат Иран елінің көрнекті, тарихи,

туристік аумақтарына жасалады, біріншіден, бұл студенттің тіл оқуға деген ынтасы мен құлшынысын оятады, екіншіден, студенттің танымдық ой-санасын жетілдіруге көмектеседі, үшіншіден, туризм саласын жарнамалаудың бірден-бір тиімді жолдарының бірі болып саналады. Иран Ислам Республикасындағы білім жүйесі туралы мақалада Иран Ислам Республикасындағы оқытушылар мен студенттердің жай-күйі туралы жазған болатынымын, тек қана парсы тілін оқытын студентке ғана емес, барлық студенттерге университет тарапынан асханадан тамақтануға жақсы жеңілдіктер жасалған, ол 70 пайыздық жеңілдікті құрайды.

Сонымен бірге міндетті түрде жатаханамен қамтамасыз етіледі. Бұл да студенттердің оқыуымен олардың қаржылық жағдайын жеңілдетуге арналған іс-шаралардың бірі болып саналады. Сонымен қатар әрбір студентке шәкірт ақы немесе степендия тағайындалып төленеді. Осындай себептерге байланысты кей жағдайларда ирандықтар тарапынан түсініспеушілікке тап келіп жатамыз, олар өздеріне бар жеңілдіктер мен жағдайды мемлекет тарапынан, университет тарапынан жасалып жатқандықтан, осындай конференцияларға шақырту алған жағдайда неге бізге университет немесе шақырушылар бар жағдайды жасамайды, неге ақша бөлмейді деген сияқты сұрақтар қойып жатады. Мұндай сәттерде біздер барынша жағдайды түсіндіріп айтып жатамыз. Қазіргі таңда ирандықтар біздің тарапымыздан дәл өздері сияқты қолдау таппаған соң, тегін мүмкіндіктердің біршамасын шектеді. Бұл бізге тапсыратын студенттердің санын азайтып отыр, әрине, өкінішті, дегенмен қолдан келер шара жоқ болғандықтан, бұған да көніп отырған жайымыз бар.

Ирандық студенттер университет тарапынан әр түрлі ұйымдастырылатын іс-шараларға өз еркімен, өз ризашылығымен қатысады, бұл жағдайды айтып өтуді де жөн көріп отырмыз. Себебі адамның өзі қалап істеген ісінің әрдайым нәтижесі де зор болатыны бесенеден белгілі жайт.

Келесі бір айта кететін маңызды жайттардың бірі Иран Ислам Республикасында «Парсы тілін оқытудың дүние жүзі бойынша арнайы бағдарламасы мен орталықтары» бар. Мысалы, парсы тілін әлемге жаю мақсатында 30-ға жуық елдерде парсы тілін оқыту орталықтары мен мәдени орталықтар бар екен, сонымен қатар әлі де 10 елде ашу бағдарламасы жуық арада жолға қойылып отырған жайы бар. Парсы тілін дүниежүзінде дамыту орталықтары әлемнің әр түпкірінде өз тілдерін жаю мақсатында бірнеше іс-шаралар мен істер атқарып отыр, соның ішінде парсы тілін Қазақстанға тарату мақсатында ең алдымен, ИИР-ның ҚР-ғы мәдени орталығы мен елшілік тарапынан Алматы қаласындағы 2 үлкен жоғары оқу орнында «Парсы тілін оқыту орталықтарын» ашып отыр, соның бірі біздің факультеттегі парсы тілі орталығы мен Қазақ Қыздар Педагогикалық университеті болып табылады. Парсы тілін тарату мақсатында

құрылған екі орталық бүгінгі күнде парсы тілінен дәріс беретін және оқитын адамдарға арналған аудитория жабдықтау мәселесінен бастап, техникалық жабдықтар мен бірге, оқулықтармен қамтамасыз ете отырып, студенттерге арналған қызықты шаралар ұйымдастырып отырады. Біздің факультетте ашылған бұл орталық ашылған 1 жыл көлемінде 20-ға жуық іс-шара ұйымдастырып үлгерді, бұл әрине, ирандықтар тарапынан өз тілдеріне жаны ашу, дамыту сияқты мақсаттардан туындаған нәрселер. Ирандықтар тарапынан жыл сайын магистратурада оқу бағдарламасы бойынша 2-3 гранттық орын, докторантура бойынша 2-3 орын парсы тілін оқытатын жоғары оқу орындарының ұстаздары мен студенттеріне бөлінеді. Сонымен қатар әр түрлі парсы тілін дамыту орталықтарынан әр семестр сайын тек жол ақысын төленетін жартылай гранттық бағдарламаларының ұсыныстары түсіп, оқытушылар мен студенттер білім жетілдіру курстарына барып жатады.

Ирандықтар біздің елден бұрын білім беру жүйесінде баллондық жүйені қабылдаған және тәртіп мұнда ерекше қадағаланады, студент жеке өзі үшін білім алады, студенттің артынан жүгіру деген түсінік мүлдем жоқ десек те болады.

Пәндердің атауы біздің елдегідей ұзақ және күрделі емес, мысалы, «Омар Хайам рубаилары» немесе «Моулави» деген пәндер бар, жалпылама «XIX ғасырдағы ақын жазушылар» деген нәрсені қолданбауға тырысады және біздің ойымызша бұл өте дұрыс, себебі оқытушы да студент те пәннен не беріп, не ала алатынын біледі.

Ал қазақ тіліне оны дамыту мәселесіне келетін болсақ, ирандықтарға кей жағдайларда біздер тарапынан неге сіздер қазақ тілін біздер сияқты ашып оқытпайсыздар деп жатсақ, олар тіл сіздердікі дамытам десеңіздер, ақша бөліп, біздің елдің жоғары оқу орындарына барсаңыздар ашып береді деген жауап естіп жатамыз.

Парсы тілін оқытудың бұдан басқа да мүмкіндіктері мен жақсы жолдары Иран Ислам Республикасы тарапынан күннен-күнге дамып жетіліп, қолданысқа ие болып келеді.

Ал енді парсы тілін оқудың және оқытудың Ирандағы кемшіліктеріне келер болсақ, бұл сол елдің Ислам Республикасы деп конституция бойынша шариғат заңдарымен жүретіндігінде және дәл осылай аталуында болып отыр, бұл көптеген

дамыған демократиялық елдердің және парсы тілін оқитын елдердің студенттеріне кішігірім қиындықтар туғызып жатады. Ол, әрине, «хиджап» кию мәселесі, ерлер мен әйелдердің еркін араласа алмауы және осы секілді ислами емес елдерге жат нәрселердің заңды түрде орындалу шарттары болып отыр. Соның ішінде бұл мәселені біздің еліміздің студенттеріне де осы жағдай барысында оқытушылар тарапынан 1-ші курстан бастап түсіндіру жұмыстары мен дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Қазіргі Иран мен Америка арасындағы саяси жағдайларға байлынысты біздің студенттердің басында бір қорқыныш сезімі тұрады. Ол егер Иран еліне сапар шексек, ол визамен бізді Америка және Еуропа елдері қабылдамайды деген

нәрсе, әрине, бұл қате түсінік дегенмен де бұл бір кемшіліктердің бірі болып саналады.

Сонымен, қорытындылай келе жалпы таразы басын парсы тілін оқытудың артықшылықтары басып тұр деп сенімді түрде айта аламыз, бұл мақала ғылыми мақаладан гөрі танымдық мақалаға келетініне шүбә жоқ, дегенмен де біздің тіл оқыту әдістемемізді, мүмкіндігімізді пайдалану мақсатында көмегін тигізеді деген ойымыз да жоқ емес. Жалпы ирандықтардың жақсы тұстары мен жақсы қасиеттерін, мәдениетін, әдебиетін оқуға олардан өзімізге қажетті нәрді алуға болады деген сенімдемін.

Иран Ислам Республикасының ҚР Мәдени өкілділігі тарапынан келген оқытушы Давуд Испархамның сөзінен аударылды.

ӘОЖ 82.0(091); 82.09(091)

Г.К. Құдайбергенова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
арабтану және ирантану кафедрасының аға оқытушысы,
Тегеран (Иран) университетінің докторанты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: gulbahyt@list.ru

Шәкәрімнің Хафизден аударған тағы бір ғазалы

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының иранелінің ұлы ақыны Хафизден аударған тағы бір ғазалы қарастырылып, түпнұсқа мен аударма салыстырмалы түрде талқыланды.

Түйін сөздер: ғазал, сопы, мінәжіт, хақиқат, седр ағашы.

Г.К. Кудайбергенова

Еще одна газель Хафиза в переводе Шакарима

В данной статье рассматривается еще одна газель великого иранского поэта Хафиза в переводе Шакарима, а также дается сопоставительный анализ оригинального текста с переводом.

Ключевые слова: газель, суфий, молитва, истина, деревоседр.

G.K. Kudaibergenova

Another Hafiz' ghazal translated by Shakerim

In this article the author has examined another gazelle of Hafiz, the great Persian poet, which was translated by Shakerim Kudaiberdiuly and has analyzed its original text with its Kazakh translation.

Keywords: ghazal, sufi, prayer, truth, the tree cider.

Қазіргі таңда Шәкәрімнің аудармашылық ұстаханасын, соның ішінде шығыстың классикалық әдеби мұраларынан аударған туындыларын зерттеп жүрген зеттеушілердің тұжырымы бойынша Шәкәрім Хафиздің «Көрініске шоқынған», «Кел аяқшы қымыз бер», «Қараңғы толқын қанды оқпын», «Ей жарымыз, ай нұры», «Тұр аяқшы бер қымыз», «Көңіл жібі қолымнан», «Анық ерге жолдас бол», «Егер сүйікті ол бала», «Мәжілісінде досыңның», «Кешегі басшы піріміз» деп басталатын ғазалдарын аударған (1-213).

Ал біз осы мақаламызда жоғарыда аталған аудармалардан басқа Шәкәрімнің Хафизден аударғандағы бір аудармасын талдамақпыз. Ақыншығармаларын қайта зерттеу барысында қазақ ақынының Хафиздің тағы бір ғазалын аударғандығы анықталды. Шәкәрімнің «Жас алпыстан асқан соң ...» деп аталатын өлеңі

Хафиздің өлеңдер жинағындағы 37-ғазалының мағынасымен ұқсас. Хафиздің бұл ғазалы «биа ке гәср әмәл сәхт султ бониад әст» деп басталады, яғни «биік арманның іргетасы әлсіз» деген мағынаны береді. Енді осы түпнұсқа мен аударманы салыстырып көрелік.

Хафиздің біз сөз етіп отырған ғазалы 11 бейттен тұрады. Ал қазақ ақыны оның 9 бейтін аударған. Шәкәрім алғашқы төрт шумағын өзіне арнап, осы ғазалды аударғанда жасы алпыстан асқандығына ийтіп өтеді. Бұндай үрдіс көптеген ақындарға тән құбылыс. Мысалы, Абайдың бірінші қарасөзі былай басталатыны бәрімізге белгілі: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің

баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын...». (2-1). Шәкәрім де ұстазы Абай сияқты жер ортасы жасына келген кезде өмірден көрген-түйгендері мен өзінің философиялық ойлары жайында толғауларымен қатар, ара-арасында Абайдан кейін жанына жақын тартқан Хафиздің сырлы да, терең мағыналығазалдарын аударып отырғанға ұқсайды.

Енді аудармаға назар аударайық:

1) بیا که قصر امل سخت سست بنیادست
بیار باده که بنیاد عمر بر بادست

(100-4)

Жолма-жол аудармасы:

(Биік) Арман сарайының іргетасы әлсіз (екенін біл)

Шарап әкел, өмір тірегі желде тұр.

(мағынасы: мына дүние – жалған, өткінші).

Шәкәрім аудармасы:

Құбылмалы сарай бұл

Құм үстіне салынған.

Өмірүйі желде тұр,

Үмітүйі – сағымда,

Көз жетпейтін көлде тұр,

Іздегенерік бағында.

Шәкәрім «ғаср-еәмәл»-ді құбылмалы сарай деп алып, оны құм үстіне салынған дейді. Мына жерде Шәкәрімнің «бұл» деп отырғандығы «арман» екендігі түсінікті. Адам арманы мен қиялының құбылып отыратындығын негізсіз, тіреусіз құмға салынған үйге теңеп отыр. Парсы тілінде «ғаср» – сарай, ал «әәмәл» – арман немесе биік арман деген мағынаны береді. Шәкәрім әрі қарай «өмір тірегі желде тұр» дегенді «өмір үйі желде тұр, үміт үйі сағымда» деп ұтымды аударып білген. Ал қалған екі шумақты өз жанынан қосқанымен түпнұсқаның негізгі айтар ойын ашып тұр. Яғни өмірде ешнәрсетұрақты емес, өткінші. Жел тұрып ауаны бір жерден екінші жерге айдап апарған сияқты, өмір де кез келген уақытта аяқталуы мүмкін, сондықтан оған байланба, сен де бір күні бұл өмірден өтесің» дейді.

2) چه گویمت که به میخانه دوش مست و خراب
سروش عالم غییم چه مژدهها دادست

Жолма-жол аудармасы:

Шарапханада өз-өзімді ұмытып, мас болып отырғанымда,

Ғайыптан періште келіп, маған үн қатты.

(мағынасы: шарапхана деген сопылық термин бойынша мешіт дегенді білдіреді. Мешітте Құдайға деген ғашықтық сезім тұңғығына батып отырғанымда, яғни Жаратқанға мінәжат етіп отырғанымда, періште үні құлағыма келді).

Шәкәрім аудармасы:

Хақиқаттың қымызын

Ішіп, бүгін мас едім,

Тазалап жүрек ыңдызын,

Нәрестедей жас едім.

Шақырды бірперіште

Тәнімді емес, жанымды.

Өтірік деп керіспе,

Осы сөзім нанымды.

Шәкәрім «Хожа Хафиздің "арақ" деп жазғанын мен көбінесе "қымыз" деп жазамын. Оның "арақ" ("қымыз") дегені – ақыл, ғылым, Хақиқатта "жар" – дос дегені, Алла тағала һәм табиғаттың көркемдігі...» (3-) деп айтқанындай осы жердегі шарапты да қымыз сөзімен берген. Ал үшінші және төртінші шумағындаалдыңғы шумақтардағы ойын толықтырады да, ақиқатқа жету үшін алдыменжүрегінді жамандық атаулыдан тазалау керектігін айтады, тазаланған жүректі жаңа туған нәресте жүрегімен салыстырып отыр. Жас сәбидің жүрегі қаншалықты таза болатын болса, ақиқат сатысына көтерілген адамның да жүрегі сондай таза күйінде болу керектігін баса айтып отыр. Сондай-ақ қазақта (иран халқындада) жас нәрестені көбінесе «періштеге» теңейтінін ескеретін болсақ, жүрегін барша жамандықтан тазартқан адам, жаңа туған нәрестедей жамандық атаулыдан пәк болмақ. Немесе жүрегі мен бойы таза және әрдайым Жаратушысынеске алып жүретін адамның жанына періштелер үйір болатындығы жайында хадистердеде айтылған. Ал сопылық ілімі бойыншабойындағы барлық нәпсісін жеңген адамның жүрек көзі ашылады. Яғни ақиқат сатысына, кемелденген адам дәрежесіне көтеріледі. Шәкәрім де осы ақиқат жолын меңзеп отыр.

3) که ای بلندنظر شاهباز سدره نشین
نشیمن تو نه این کنج محنت آبادست
تو را ز کنگره عرش میزند صفر
ندانمت که در این دامگه چه افتادست

Жолма-жол аудармасы:

Ей, сұңқар, сен седр (аспанның жетінші қабатында өсіп тұрған ағаш) ағашында отыруға лайықсың,

Мына дүние сен отыратын жер емес.

Сені көктегі арш (періштелер отыратын жер) мекені шақырады.

Осы тұзаққа (осы дүниені айтып отыр) қалай түскеніңді білмеймін (мағынасы: таза жүректі, кемелденген адамның барар жері жұмақ).

Шәкәрім аудармасы:

«Неге отырсың байланып, –
Деді, – байғұс, тұзақта.
Әуре болма айланып,
Лайық орын бұ жақта».

Шәкәрім Хафиздегі «сұңқар» теңеуін байғұс деп алған. Тұзаққа ілінген сұңқардың күйін Шәкәрім «байғұс» сөзімен әсерлі аударып білген. Яғни осы жалған дүние тұзағына түскен «таза жүректі» адам бұл дүниеде «байғұс» күйін кешіп отыр дейді. Ал Хафиздің «көктегі арш мекені» дегенін Шәкәрім «лайық орын бұ жақта» деп көкті меңзеп отыр. Бұлай аударудың өзінде бір мән жатқандай. Өйткені осы өмірден өткеннен соң адам жанының барар жері тек Алла тағалаға ғана мәлім, сондықтан Шәкәрім оның түсін түстеп айтпай, «бұ жақта» деп берген.

4) غم جهان مخور و پند من مير از ياد
که اين لطيفه عشقم ز ره روی يادست
رضا به داده بده وز جبين گره بگشای
که بر من و تو در اختيار نگشادست

Жолма-жол аудармасы:

Дүние қамын жеме және менің кеңесімді ойыңнан шығарма

Өйткені мына мағыналы сөздерді маған бір ұлы сопы айтқан

Берілгенге разы бол және қабағыңды аш

Ол сені мен менің ықтиярымызда (таңдауымызда) емес.

(мағынасы: Алла тағаланың берген нығметіне риза бол, тағдырыңа ренжіме).

Шәкәрім аудармасы:

Қабағыңды аш, қайғырма,
Берілгенге разы бол.
Анық ойдан айрылма,
Ашылған жоқ еркін жол.

Шәкәрім Хафиздегі мағыналары ортақ сөздерді біріктіріп, бір сөзбен берген. Ал келесі шумақтарда «сен мен менің ықтиярымызда емес» дегенді «бізге еркін жол әлі ашылған жоқ» деген сөздермен аударған. Яғни сен әлі ақиқатқа жеткен жоқсың, еркінсінбе, кемелденген адам дәрежесіне жету үшін әлі де көп еңбектенуің керек, әрбір басқан қадамыңды мұқият қадағала деп түйіндейді.

5) مچو درستی عهد از جهان سست نهاد
که این عجز عروس هزار دامادست

Жолма-жол аудармасы:

Тірегі әлсіз осы дүниеденкепілдік іздеме

Бұл (осы дүние) – мың ерге күйеуге шыққан кемпір іспетті, оған сенуге болмайды (мағынасы: бұл дүниеде тұрақты ешнәрсе жоқ, бәрі өткінші).

Шәкәрім аудармасы:

Сансыз байдан қалған тұл,
Жарай ма оған жалынған?

Шәкәрімнің «сансыз байдан қалған тұл» деп аударғаны бір қарағанда түпнұсқаның жолма-жол аудармасы сияқты, алайда оның екінші мағынасы бар. Яғни «өмірден көптеген бай мен байкештер өткен, олардың байлығы мәңгі өмір сүрулеріне көмек бола алмады, сондықтан байлыққа байлану жарамайды, сен де бір күні бұл өмірден өтесің, бұл дүниеде тұрақты еш нәрсе жоқ, бәрі өткінші» дегенді білдіреді.

6) نشان عهد و وفا نیست در تبسم گل
بنال بلبل بی دل که جای فریادست

Жолма-жол аудармасы:

Гүлдің назы мен күлкісінде сенімділік пен тұрақтылық жоқ

Ей, бұлбұл назыңды айтатын уақыт жетті.

(мағынасы: жалған әдемілікке сенбе немесе жылтырағанның бәрі алтын емес).

Шәкәрімнің аудармасы:

Бақтың гүлі күлсе де,
Уәде берді демендер.
Гүл соларын білсе де,
Кейімейді кемеңгер.

Шәкәрім алғашқы екі шумағын өте сәтті аударған. Ал Хафиздің келесі шумағындағы «бұлбұлды» «кемеңгер» деп алған. «Бұлбұл» Хафиз ғазалдарында гүлге ғашық болып өтеді. Қаншалықты гүлдің назы мен тұрақсыздығын көрсе де оған деген махаббаты суымайды. Ал Шәкәрімде бұлбұл есі кеткен ғашық емес, қайта өмір машақатын тартса да кейімейтін кемеңгер ретінде аударылған.

7) سد چه می‌بری ای سست نظم بر حافظ
قبول خاطر و لطف سخن خدادادست

Жолма-жол аудармасы:

Ей, өнерсіз, (мына жерде дарынсыз ақындарды айтып отыр) Хафиз өнерін қызғанба,

Өйткені ол дарынды оған Құдай берген

(мағынасы: әркімнің өз орны бар немесе білгенді күндеме).

Шәкәрім аудармасы:

Тәтті сөз бен түзу ой –
Тағдыр сыйы емес пе?
Әуре қылма, жаным, қой,
Мені күндеп егеспе!
Түпнұсқадағы көрінісқазақ тілінде
сақталған. Алайда оны жолма-жол аударма деп

айтуға келмейді. Шәкәрім түпнұсқадағы сөздердің мағынасын, көркемдік, бейнелік әсерлерін сақтай отырып аударған.

Қорыта айтқанда, түпнұсқа мен аударма арасында мағыналық үндестік және аудармашының өзіндік бояумен жырлағандығын көреміз.

Әдебиеттер

- 1 Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы: Раритет, 2008.
- 2 Абайдың қарасөздері. <http://www.kultegin.kz>
- 3 Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988.
- 4 Диван-е Хафез. – Тегран, 2010.

ӘОЖ 81:372.881

А.Ж. Назарова*, Ш.М. Садуова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: Ayim76@mail.ru

Шет тілін «кейс-стади» әдісі арқылы оқытудың ерекшеліктері

Бұл мақалада кейс әдісі интерактивті әдістің бір нұсқасы ретінде немесе кәсіби әрекеттің белгілері бар шағын іскерлік ойын ретінде қарастырылады. Бұл технологияда оқу материалы тіл үйренушілерге проблемалық жағдаяттар арқылы ұсынылады, студент түрікше кәсіби тілде сөйлеуге шешім қабылдау барысында белсенді зерттеу және шығармашылық әрекеті арқылы үйренеді.

Түйін сөздер: әдіс, кейс, түрік тілі, инновациялық жүйе, технология, әдістеме.

А.Ж. Назарова, Ш.М. Садуова

Особенности кейс-стади метода обучения иностранного языка

Метод Кейса изыскивается в виде варианта интерактивного метода или как небольшая игра с признаками профессиональной деятельности. Учебный материал для тех, кто изучает язык, в этой технологии представляется через проблематичное положение, когда студент принимает решение говорить на профессиональном турецком языке, он учится благодаря активным исследованиям и творческой деятельности.

Ключевые слова: метод, кейс, турецкий язык, инновационная система, технология, методика.

A.Zh. Nazarova, Sh.M.Saduova.

Features CES-study method of teaching a foreign language

Method of the Case is being sought in the form variant of an interactive method or as a small game with signs of professional activity. Training material for those studying the language, in this technology represented through a problematic situation, when a student decides to talk to a professional Turkish language he is learning through active research and creative activity.

Keywords: method, case, Turkish language, innovation system, technology, technique.

Бүгінгі ұстаздың мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау, әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім беру, оның жан-жақты дамуына мүмкіншілік жасау, оқуға деген қызығушылығын арттыру. Қазіргі таңда білім саласында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар, сапалы білім берудің әр түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану үшін көптеген еңбек етуде.

Шет тілін үйретуші ұстаздардың да алға қойған мақсаты – өзіндік ой тұжырымымен

көзқарасы бар, өз пікірін ашық айта алатын, ақпараттық ағымдардан хабары бар, өз жолдары мен мамандықтарын таңдай білген, болашақта өз саласында қызмет ете алатын мамандарды дайындау. Сондықтан оқыту барысында білім алушыларға, тек оқулықтардан сабақ беру ғана емес, сабақ барысында олардың қызығушылығын арттыру оқытушының бірден-бір міндеті. Ол үшін озық технологияларды, беделді педагогтардың тәсілдерін қолдану маңызды,

менің білім беру барысында назар аударғаным: білім алушылар түрік тілі сабағында іскерлік ойын тәсілдерін және кейс әдісін қолданғанда, қатты қызығушылық танытқандары байқалды.

Қоғамымыздың даму бағытында сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Осындай мақсаттың толық орындалуы оқу-тәрбие жүйесінің үлесіне тиетінін ескеретін болсақ, студенттердің білімді, білікті болуында кейс әдісінің алатын орны ерекше. Кейс әдісі арқылы студентті білім алуға, тілді меңгеруге қызықтыра отырып, болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын қалыптастыруға болады.

Кейс әдісінің шығу тарихына тоқталатын болсақ, ең алғаш «кейс стади» әдісі Гарвард университетінде 1924 жылы қолданылған. Содан бері бұл әдіс осы күнге дейін өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Кейс амал-тәсілі алғашқы кезде бизнес мектебінде ғана қолданылып келсе, бүгінгі таңда бұл әдіс арқылы оқытудың қолданылу аясы кеңейеді. Қазір кейс-стади амал-тәсілін педагогикалық оқыту үрдісіне енгізу әдіс-тәсілдерін: Л. Барис, В.А. Ясвин, К. Кристенсен, Э. Хансен, М.В. Коротков, М.В. Кларин, А.И. Наумова, А.М. Зобина, М.С. Керимбаева, В.А. Канн-калик, Н.Д. Никандров, Б.Н. Киселева, И.В. Липсина, Г.А. Полонский, Д. Экинсон, И. Уилсондар қарастыруда [3, 55].

Жағдай (кейс) деп ұжымдағы, қоғамдағы қандай да бір нақты шынайы жағдайдың жазбаша берілуін айтамыз. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетуді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Осы талдау барысында білім алушылар өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал ұстаздың міндеті, осы кейс әдісін қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Сонымен қатар оқушылардың талдауына берілетін кейстің түсінікті және пән тақырыптарына сай болуы өте маңызды.

Кейс әдісі оқытудың басқа технологияларына қарағанда күрделі жүйе болып табылады. Кейс әдісін қолдану барысында оқытушының іс-әрекеті екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең – кейс (жағдай) таңдап алу және сұрақтар құруға арналған шығармашылық жұмыс: жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап

алу; мақсат пен міндетті анықтау; жағдайды құрастыру және суреттеу.

Екінші кезең – оқытушының аудиториядағы іс-әрекеті. Аудиториядағы кейс әдісін қолдану кезеңі: кейске кіріспе; жағдайдың талдануы (шағын топтарда); пікірталас; қортынды шығару.

Студенттерді түрік тілінде кәсіби тілде сөйлеуге үйретуде тиімді әдістердің бірі – кейс әдісі. Кейс әдісі латын тілінде «шиеленіскен» немесе «ерекше жағдай» дегенді білдіреді. Бұл әдіс уақыт пен материалдық шығынды қажет ете қоймайды.

Кейс әдісін интерактивті әдістің бір нұсқасы ретінде немесе кәсіби әрекеттің белгілері бар шағын іскерлік ойын ретінде қарастырсақ та болады. Бұл технологияда оқу материалы тіл үйренушілерге проблемалық жағдаяттар арқылы ұсынылады, студент түрікше кәсіби тілде сөйлеуге шешім қабылдау барысында белсенді зерттеу және шығармашылық әрекеті арқылы үйренеді.

Кейс амал-тәсілінде басты назар студенттердің ұсынылған реальды немесе қиялдық (алдын ала құрастырылған) жағдаяттарды талдауы және осы жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі т.б. Студенттің жекетұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады.

Демек, студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс-стади амал-тәсілін қолдану – қазіргі білім беру талабына студенттің тілге деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогиканың жаңа инновациялық жүйесі.

Кейс амал-тәсілдерін пайдалануда мына мәселелер қарастырылады:

- студенттердің ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге алдын ала дайындалған мәтіндер не тапсырмалар беру;
- микротоптардың басшыларымен өздерінің ойларын бөлісу, бірге талдау, басшының студенттер түсінбегенде микросабқтар өтуі;
- сыныптың бірнеше микротоптарға бөлінуі;
- әрбір топтың өзінің басшысы болуы;
- оқытушы бағыт-бағдар беруші, бақылаушы рөлінде ойнауы ескеріледі.

Сонымен қатар кейстік амал-тәсілде жағдаяттарға байланысты мынадай бес түрлі пікір-сайыс ұйымдастырылды:

Оқытушы студентке қарсы сұрақ береді.

Оқытушы студенттен өзінің тапсырма жайлы болжамын сұрайды.

Студент-студент рөлдік ойындар да қолданылады.

Студент оқытушыдан тапсырма жайлы болжамын сұрайды.

Студент-студент пікірталасады.

Кейс бірыңғай ақпараттық кешен болғандықтан, ол үш түрлі бөлімнен тұрады:

- кейс дайындау бөлімі;
- нақты жағдаяттар бөлімі;
- кейске кіретін қосымша тапсырмалар.

Студенттердің түрікше сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс мынадай кезеңдер бойынша дайындалды.

1-кезең. Студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың мақсатын айқындау.

2-кезең. Кейсті түзуге материалдар жинау. Сыныптағы студенттер саны және олардың түрік тілі пәнінен білім деңгейлері мен сөздік қорының көрсеткіші.

3-кезең. Студенттердің ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды жинақтау.

4-кезең. Сабақтың қай кезеңінде кіргізуге болатынын болжау.

5-кезең. Студенттерден күтілетін нәтижені болжау.

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейсте кемшіліктерді жою.

7-кезең. Студенттердің түрікше сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды түрік тілі сабағына енгізу.

Кейс амал-тәсілдері қолданылған сабақтарда сыныптағы студенттерді төрт адамнан тұратын микротоптарға бөлуге болады. Студенттерді микротоптарға бөлу үшін оларды туылған айларына, мезгілдеріне, жылдарына, жақсы көретін түстеріне және т.б. қарай топтастырып, өздеріне лайықты етіп топ атын қояды.

Кейс амал-тәсілдері қолданғанда микротоптармен қатар сарапшы, жол сілтеуші, баяндаушы және қарсы сұрақ қоюшы болады.

1. Сарапшы – әрбір топтың өзінің сарапшысы болады. Сарапшының міндетті микротоптарға қатысып отырған студенттердің жауаптарын қорытындылау. Керек болса, микросабактар өту. Студенттер жауаптарының дұрыс не бұрыстығын сарапшыға тексертеді.

2. Жол сілтеуші – бұл тапсырманы басқалардан ерте орындайтын, әдетте, жақсы оқитын студент. Ол студенттер жауап таба алмай жатқанда, дұрыс жолды айтады.

3. Баяндаушы бұл тапсырмада берілген мәтін не басқа жағдаяттарға еніп, басқа студенттерге түсіндіреді. Өзі ойнап тұрған образдың жүрісін, кимылын, ым-ишарасын айнытпай салу арқылы дұрыс жолды сілтейді. Мысалы, доп жайлы жұмбақ жасырылғанда, доптың келбетін салу керек.

4. Қарсы сұрақ қоюшы – бір студент басқа студенттердің айтқан пікірлеріне келіспей әдейі сұрақ қояды. Бұл сұрақтарға басқа студенттер жауап берулері қажет. Бұл оларды өз пікірлерін басқа біреуге дәлелдеуге үйретеді. Кейс сабақтарында берілетін тапсырмалар студенттерді қызықтыруға, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Студенттерге тәрбиелік мағынасы жоғары ұлттық педагогика элементтері бар шешендік сөздер, мақал-мәтелдер үйретілді. Кейс технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы мұнда студент өздігінен ізденетін, алдарында тұрған проблеманы шешетін субъект. Оқытушы сабақта тек бағыт-бағдар беруші қызметін атқарады. Кейс технологиясында студенттер санына қарай бірнеше микротоптарға бөлінеді. Әрбір топ проблеманы шешуде өзінің пікірін дәлелдейді.

1. Презентация – оқытушы студенттердің барлығына бірдей сабақтың мақсатына қарай белгілі бір проблема қояды. Осы проблеманы түсіндіреді.

2. Ұстанымы студенттер оқытушы түсіндірген проблема бойынша өз пікірлерін дәптерлеріне жазады. Әрбір студент өз идеяларын жеке жазып, басқа студенттерден көшірмейді. Студенттердің жазған ұстанымдары кейінірек проблеманы топ болып талқылағанда қажет болады.

3. Проблеманы талқылау – студенттер проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде студенттер бір-біріне үйретеді, үйренеді.

4. Шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, өзінің пікірін

дәлелдеу. Басқа топтарда айтылған пікірге өз көзқарастарын білдіреді.

Осындай кейс технологиясы бойынша құрылған бірнеше дәрістердің қарастыра кетейік. Мысалы, оқытушы студенттерге мынадай мазмұнда мәтінді тақтаға жазады. Ескерту: дәріс түрік тілінде жүреді.

1 – үлгі-сабақ

«Өзен»

«Біздің ауылдың маңында өзен ағып жатыр. Өзеннің суы өте лас. Бірнеше жылдан бері қараусыз қалғандықтан өзеннің жан-жағын шөп басып кеткен. Көптен бері өзеннің суын ауыл тұрғындары пайдаланбайды» [6, 97].

Оқытушы мәтінді оқып, студенттерге мынадай проблеманы шешуді ұсынады.

Шешілетін проблема: Бұлақтың суы қандай болуы керек?

Студенттер проблеманы шешуге топ болып кірісті. Әрбір топ өздерінің көзқарастарын ортаға салады.

Бірінші топтың студенттері мынадай мазмұнда мәтін құрастырды:

«Біздің ауылдың маңында өзен бар. Өзеннің суы мөлдір, таза болуы керек. Ауыл адамдары өзенді үнемі күтіп, таза ұстайды».

Екінші топтың студенттері: «Өзенді тазалау қажет. Сонда оның суы таза болады. Өзеннің суын адамдар пайдаланады».

Үшінші топтың студенттері: ««Бұлақ көрсең – көзін аш» деген бар. Табиғатты аялап ұстау керек. Өзен табиғаттың адамдарға берген сыйы. Егер адамдар өзенді таза күтіп ұстаса өзен олардың өмір бойы азығына айналады».

Бұл дәрістен кейс технологиясының мынадай ұтымды жақтарын байқауға болады:

- студенттердің өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланауы;
- топ ішінде белсенді тілдік қатынастың орнауы;
- проблеманы өздігінен шешуге ұмтылу, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйрену;
- тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздеп, өзіндік пікір айтуға дағдылану;
- ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, мәтін құрастыру біліктерін дамыту.

Қорыта келе айта кететін болсақ, кейс әдіс-тәсілі арқылы жүргізілген дәрістің ұтымдылығы: дәріс барысында сыныптағы студенттердің барлығын сабаққа қатыстыру, уақытты ұтымды пайдалану, бір уақытта студенттердің білімін тексеру, студенттерді өз араларында қарым-қатынасқа түсіру, студенттің өз ойын ашық айта білуге жетелеу, студенттің ой қорыта білу деңгейін көтеруге және шығармашылық қабілетінің өсуіне жетелейді.

2-үлгі-сабақ

Сабақ тақырыбы: Үй жануарлары

Сабақтың мақсаты: Студенттерді ауызша сөйлеуге дағдыландыру.

Ертегі кейіпкерлерінің жағымды және жағымсыз әрекеттерін талдауға үйрету.

Көрнекілігі: жануарлардың суреттері, алмалар, шарлар.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру. Студенттерге мәтінді оқып беру.

«Ит пен мысық»

«Ерте заманда ит пен мысық дос болыпты. Бір күні екеуі бас қосып әңгімелесіпті. Ит тұрып былай деп мақтанымты: «Менің адам баласына пайдам шаш етекпен! Үйін күзетемін. Малың бағамын. Адамдарға менің еш зияным жоқ сол себептен де адамдар мені жақсы көреді». [6, 35]

Мысық та қалыспай мақтана жөнеледі. *«Кім айтты мені адамдардың досы емес деп? Менің де адамдарға еш зияным жоқ. Менің де оларға тигізер пайдам шаш етекпен. Менің арқамда үйлерінде тышқан өзі түгіл аты да естілмейді», – дейді. Сол кезде бұл әңгімені қожайындары тыңдап тұрып:*

«Сендердің маған тигізер пайдаларың зор. Сендер болмасаңдар мен қалай күн көрер едім – депті».

Бұл мәтінді оқып берген соң, студенттерді рөлге бөліп, бірін ит, бірін мысық етіп сөйлетеміз.

Баяндаушы: Өздерінің жақсы пайдалы жақтарыңды айтыңдар.

Қарсы сұрақ қоюшы: Енді кемшіліктеріңді айтыңдар.

Сарапшы: үй жануарларының барлығының да пайдалы екендігін айтады.

Әдебиеттер

- 1 Radzhers E. Innovasiya turali tusinik. – // Kazakstan mektebi. – №4. – 2006.
- 2 Kabdikayrov K. Inovasyalik tehnologiyalardiagnostikalau. – A., 2004
- 3 Zhunisbek A. Zhana tehnologiya negizi – sapali bilim. – //Kazakstan mektebi. – №4. – 2008.
- 4 Nagimzhanova K. Inovasyalik tehnologiyani kurulumu. – A.: Orken, 2007.
- 5 Koshimbetov S. Inovasyalik tehnologiyani bilim sapasin koterude paidalanu mumkindikteri – A.: Bilim, 2008.
- 6 Türkçe'ye Doğru Yabancılar için Türkçe 1, Ders Kitabı. – ANKARA, 2003.

УДК 82.0(091); 82.09(091)

¹А.М. Нуржаева*, ²Н.Б. Абдраимова¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, магистрант,
Республика Казахстан, г. Алматы²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, доктор PhD,
Республика Казахстан, г. Алматы

*E-mail: nurzhana@list.ru

**Жизненный путь и становление личности
великого китайского писателя Пу Сунлина**

В данной статье рассмотрены этапы жизни китайского писателя Пу Сунлина, становление его личности как литератора и человека. Показана важнейшая роль отца в жизни писателя, вкратце рассмотрены идеи, повлиявшие на психосоциальное развитие и интеллектуальный рост писателя, что впоследствии отразилось в творчестве Пу Сунлина и определило его неповторимый литературный стиль.

Ключевые слова: образование, конфуцианство, мораль, семья, цзин-ши, интеллектуальный, литературный, Ляо Чжай.

А.М. Нуржаева, Н.Б. Абдраимова

Ұлы Қытай жазушысы Пу Сунлиннің өмір жолы және тұлға ретінде қалыптасуы

Бұл мақалада қытай жазушысы Пу Сунлиннің өмірінің кезеңдері, оның тұлғасының қалыптасуы қарастырылған. Жазушының өмірінде әкесінің рөлі өте маңызды болғаны және тұлға ретінде қалыптасуына ерекше әсер еткені және осының бәрі Пу Сунлиннің өнеріне және әдеби стиліне әсер еткені зерделенген.

Түйін сөздер: білім, конфуцийшілдік, мораль, отбасы, цзин-ши, зияткерлік, әдеби, Ляо Чжай.

А.М. Nurzhayeva, N.B. Abdraimova

Life course and development of personality of the great Chinese writer Pu Songling

This article describes the stages of life of the Chinese writer Pu Songling, the formation of his identity as a writer and a man. The importance of his father in the life of the writer was shown, briefly discussed the ideas that influenced the development of psycho-social and intellectual growth of the writer, which subsequently reflected in the work of Pu Songling and determined his unique literary style.

Keywords: education, confucianism, morality, family, zhèng-shì, intellectual, literary, Liao Zhai.

Великий китайский писатель Пу Сунлин (1640-1715), известный также под псевдонимом Ляо Чжай, жил в провинции Шаньдун в Восточном Китае. Принадлежавший к бюрократическому сословию учёных писатель получил классическое образование. Его семья оказала большое влияние на формирование характера и личности Пу Сунлина. Одаренного от природы ребенка родители выделяли и любили, а потому детство его было счастливым.

Его старшие братья Чао-цюань (1637-92) и Пай-лин (1638-1709) были, как и Пу Сунлин, интеллектуально развитыми и сумели получить первую степень на экзаменах. Мать Пу Сунлина имела среднее образование и ее вдумчивое воспитание сделало сына сильным, что помогло ему впоследствии не пасть духом, когда он терпел неудачи на экзаменах. В последнее время ее жизни именно Пу Сунлин заботился о любимой матери.

Но более всех повлиял на Пу Сунлина его отец Пу Пань. Мировоззрение писателя, его социальная роль и жизненные цели сформировались при непосредственном участии отца Пу Сунлина. «Обладая богатством и учеными степенями, предки писателя занимали высокое положение. Только его отец, не выдержав экзаменов, лишился дворянских привилегий» [1, с.4]. Однако Пу Пань, не получивший первую степень на экзаменах, преуспел в торговых делах, но не бросил изучение классиков и истории. Разбогатев, он помогал людям, сам занимался образованием своих детей и никогда не отвечал на нападки со стороны местных негодяев. Все это глубоко укоренилось в юном уме писателя. Пу Сунлин сочувствовал отцу, неоднократно проваливавшемуся на экзаменах, вынужденному отказаться от благородной цели стать идеальным ученым и неспособному бороться с непорядочными людьми. Пу Сунлин оправдывал торговый статус отца тем, что его отец был доведен до этого неудачами и провалами на императорских экзаменах и бедностью. Позже, в своей собственной жизни, писатель будет с невероятной решимостью, без колебаний стремиться сохранить свою цель и стать литератором-ученым. Он гордился особой добродетелью отца, его всесторонней образованностью, которой тот во многом обязан самому себе, щедростью благотворительного духа и тем, что Пу Пань смог обеспечить будущее своих детей. Пу Сунлин поставил себе примером для подражания модель поведения отца.

Хотя Пу Сунлин никогда не следовал за отцом в коммерческом деле, однако опыт отца в мире бизнеса пополнил широкую базу знаний писателя, позднее став источником для его рассказов о деловом и внешнем мире, что отразилось в историях Ляо Чжая. Пу Пань был также его интеллектуальным наставником. Он дал Пу Сунлину знания из своего начального образования, разработал для сына программу, добавив в учебные материалы интересующие его и Пу Сунлин изучая общее ядро установленных конфуцианских ценностей, также изучал, по выбору отца, сочинения, которые были неконфуцианскими, выражающими несогласие с ортодоксальным конфуцианством. Эти работы, в прозе и стихах, излагают гедонистические жизненные идеалы: эксцентричность или эскапизм (Чун-цы, Ле-цы, Хуан Ши, Тао Юань-мин), радость затворничества, выход за пределы свое-

го «пыльного мира» политической интриги для того, чтобы жить в горах или сельской местности (Тао Юань-мин, Чао Пао), самоутешение в пьянстве (Чжуан Чи, Тао Юань-мин), важность расстояния для выражения чувствительности и чувства и выговор духа отчаяния, неуверенности в себе, жалость к себе в литературе (Чу-цзы, Юй Синь), мифологический и сверхъестественный мир фантазии (Чу-цзы, Чжуан-цзы, Ле-цзы, Хуан Ши, Тао Юань-мин). В целом, эти идеи резко контрастируют с ортодоксальными ценностями конфуцианства, где важны государственная служба и моральное самосовершенствование, и с литературой, как транспортным средством Пути (высокая конфуцианская философия политики и морали). «В широком смысле, эти авторы сформулировали традиционный китайский индивидуализм в форме самосознания, личной независимости, и противостояние сильному политическому, социальному и интеллектуальному давлению, а также давлению черствых концепций и ценностей, и погоне за мирскими мечтами об «успехе и славе» (кун-мин)» [2, с.27]. Эти писатели были символами индивидуального инакомыслия и несоответствия, и их труды почитаются как протест против политического и интеллектуального рабства.

